

Ushqyr oıla! Bıkke samǵa! Álemdi sharla!



Farabı

№2
АҚПАН
2025

shákirti

@farabishakirti.kz
f @farabishakirti.kz
i @farabishakirti.kz

МЕКТЕП МҰҒАЛІМДЕРІНЕ, ОҚУШЫЛАРҒА, ОРТА ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ
ОҚЫТУШЫЛАРЫ МЕН БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНА, САЛА МАМАНДАРЫНА, АРДАГЕРЛЕРГЕ,
АТА-АНАҒА АРНАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТАНЫМДЫҚ ЖУРНАЛ



«Табан-Қарағай» үстірті
Алматы облысы

Фотораф Илья Афанасьевтің суреті
Дереккөзі: «ЗаграНица» порталы



**Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
Қазақстан Республикасының Президенті:**

«Қазақстан солтүстік пен оңтүстікті, батыс пен шығысты байланыстыратын жаһандық жолайрықта орналасқан. Бұл біздің елімізге зор мүмкіндік беріп отыр. Сондықтан көлік-логистика саласы экономикамызды алға бастайтын басты күштің біріне айналуға тиіс. Қазір бәсеке күшейіп тұр. Осыған орай бірқатар маңызды мәселені шұғыл шешу керек. Ең алдымен «Достық-Мойынты», «Бақты-Аягөз», «Дарбаза-Мақтаарал» бағытындағы ірі теміржол жобаларын сапалы жүзеге асыру қажет. Оның қатарында Алматыны айналып өтетін теміржол желісі де бар. Қазақстан көлік саласында Ресеймен, Қытаймен ынтымақтастығын жалғастыра береді. Біздің транзиттік әлеуетімізді нығайтуда Транскаспий бағыты маңызды рөл атқарады»

«Қазақстан теміржолшысы» -rail-news.kz сайтынан алынды.

**Мектеп мұғалімдеріне, оқушыларға, орта және жоғары оқу орындары оқытушылары мен білім алушыларына,
сала мамандарына, ардагерлерге, ата-анаға арналған Республикалық танымдық журнал**

№2 (66) ақпан 2025

**Журнал 2019 жылдың наурыз айынан бастап,
айына 1 рет шығады (электронды нұсқа)**

**Шығарушы және меншік иесі
«MODERN MEDIA ALMATY» ЖШС**

Директор-Бас редактор: Жанастан КУЧУКОВА
Тілшілер: Жұлдыз ӘБІЛ,
Тамила ИБРАГИМОВА
Безендіруші-дизайнер: Раушан БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ

**Редакцияның мекенжайы: 040600, Алматы облысы,
Ұзынағаш, Тәуелсіздек, 81.**
Тел.: +7 701 730 9312
E-mail: farabi_shakirti@mail.ru
ТАРАЛЫМЫ – 228 дана.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі
"Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің
Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі

Мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік
басылымды қайта есепке қою туралы КУӘЛІК № KZ28VPY00092839
Астана қ. Берілген күні: 17.05.2024 ж.

Атауы: Республикалық «Farabi shakirti» журналы.
Тілі: қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде басылады. Тақырыптық
бағыты: Мектеп мұғалімдері мен оқушыларға, орта және жоғары оқу
орындары оқытушылары мен білім алушыларына, сала мамандарына,
ардагерлерге, ата-анаға арналған Республикалық танымдық журнал.
Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы
Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі:
17481-Ж 28.01.2019 жыл

Журналдың цифрлық нұсқасы «Farabi shakirti» редакциясында
қапталды.

Журнал бетінде жарияланған оқырмандарымыздың көзқарасы мен
олардың шығармаларының нақтылығы үшін редакция жауап бермейді.

«ДАНАЛЫҚ - ҒЫЛЫМНЫҢ БАСТАУЫ»

«Көп адам даналықтан гөрі ақымақтықты таңдайды. Себебі, ақымақтық күлдіреді, даналық жылатады.»

Уильям Шекспир

«Баланың балалығын тыйдым дегенше ер жеткендегі даналығын тыйдым деңіз.»

Жан-Жак Руссо

«Жастық шақ - даналықты қабылдайтын уақыт, кәрілік - оны пайдаланатын уақыт.»

Жан-Жак Руссо

«Оқып үйренбесең, өнерге де, даналыққа да қолың жетпейді.»

Демокрит

«Даналық - ғылымның бастауы.»

Цицерон

«Даналыққа үйреніп қою жеткіліксіз, оны пайдалана білу керек.»

Цицерон

«Таңсаріде оянған дұрыс, себебі бұл әдет мықты денсаулыққа, байлық пен даналыққа жетелейді.»

Аристотель

«Қол жеткізе алмайтын істен ертерек бас тарта білу - даналықтың басты белгісі болып қала береді.»

Стефан Цвейг

«Жақсылық дегеніміз даналық пен білім.»

Сократ

«Орта жол - даналыққа ең жақын нүкте, оған жетпеу одан асып кеткенмен бірдей.»

Конфуций

«Ақылды жүрекпен сезіп, аз сөйлеп оймен жеткізер.

Ақылсыз мұрынмен сезіп, көп сөйлеп тілмен жеткізер.»

Али Динабеков

«Біз даналықты үш жолмен үйренеміз: ойлану - ең ізгі жол; еліктеу - ең жеңіл жол; және үшінші, тәжірибе жолы - ең ауыр жол.»

Лев Толстой

«Ғылым - ұйымдасқан білім, даналық - ұйымдасқан өмір.»

Иммануил Кант

Дереккөзі: Bilim-all.kz
Сурет: Ummet.kz; ҚазАқпарат





Президент «Жаңа адамдар» жастар форумында сөз сөйледі

2025 жылғы 08 ақпан


Форумда «Жаңа адамдар» қозғалысының жетекшісі Әсел Баденова Президентке ұйымның осыған дейін атқарған игі істері мен азаматтық бастамаларын таныстырды. Оның айтуынша, қазіргі кезде қозғалыстың 19 қалада кампусы, 15 мыңға жуық белсенді мүшесі бар. Қозғалыс елімізде ондаған азаматтық бастамалар мен акцияларды ұйымдастырып үлгерген. Жастар вандализммен, рұқсат етілмеген жерге қоқыс төгушілермен, кәмелетке толмаған балаларға ішімдік сатушылармен, есірткі таратушылармен және басқа да әлеуметтік кеселдермен күрес жүргізіп, өздерінің азаматтық ұстанымдарын ашық әрі белсенді білдіріп жүр.

Мемлекет басшысы форумға жиналған жалынды жастардың бойындағы Отанға, елге деген сүйіспеншілік пен құрметке ризашылығын білдіріп, көзі ашық, көкірегі ояу азаматтардың әр жетістігіне қуанатынын, әр бастамасын қолдайтынын жеткізді.

– Қазақстанның жастары – жасампаз. Мен мұны үнемі айтып жүрмін. Жаңа ғана өте жақсы ойлар айтылды. Тың идеялар, игі бастамалар бар. Сіздердің сөздеріңізді тыңдап, форум атмосферасын сезіне отырып, кеудемді мақтаныш кернеді. Қазақстанның болашағына деген сенімім нығая түсті. «Жас келсе – іске» деп бекер айтпаған. Еліміздің келешегі ойы ұшқыр, білімі терең, көзқарасы заманауи жастардың қолында. Мен Президент ретінде Сіздерге зор үмітпен қараймын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент қазір еліміз үшін тарихи кезең екеніне, алдымызда биік мақсаттар тұрғанына назар аударды.

– Біз жұрттан көш ілгері жүретін ел боламыз. Үйренетін де, үйрететін де ұлт боламыз. Жастар барлық өзгерістің бастауында тұрады. «Жаңа адамдар» – жаңа қоғамның айнасы. «Жаңа адамдар» – жаңа болмыс! Бұл – өз еліне адал жастардың



қозғалысы! Біздің стратегиямызға қолдау білдірген сіздерге алғыс айтамын. Реформаларымыздың мән-маңызы ұрандарыңызда көрініс тапқан. Бұл өзгерістер Әділетті Қазақстанды құру, «Заң мен тәртіпті» қамтамасыз ету тұжырымдамасына негізделген, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев жастарға қарата айтқан сөзінде отаншылдық сезімге, қоғамда «Заң мен тәртіп» үстемдігін орнатудың маңызына, «Таза Қазақстан» экологиялық акциясының идеологиялық мәніне тоқталды.

Мемлекет басшысының пікірінше, ел үшін адал қызмет ету жауапкершілік алудан қорықпайтын, батыл азаматтардың қолынан келетін жұмыс.

– Жастарға барлық мүмкіндіктер жасалып жатыр. Қазақстан балалар мен жастарға жан-жақты қолдау көрсететін әлемдегі аз елдің бірі. Дүниеге келген әр сәби бірден ұлттық бағдарламалардың қатысушысына айналады. Өздеріңізге мәлім, екінші жыл қатарынан Ұлттық қор табысының бір бөлігі балалардың есепшотына түсіп жатыр. Кәмелет жасына толғанда олар жинақталған қаржыны оқуға



немесе баспана алуға жұмсай алады. Бес жастан асқан балаларға арналған «Келешек» бағдарламасы іске қосылды. Бұл жүйе ата-аналар үшін өте қолайлы. Сол арқылы балаларының болашақта алаңсыз білім алуына қаражат жинайды. Әр бала алты-жеті жастан бастап мектепте тегін білім алады. Мұның бәрі – мемлекеттің міндеті. Бірақ әлемнің барлық елінде дәл осылай емес. Барды бағалау маңызды. Біздің жетістіктеріміз баршылық. Елімізде бастауыш сынып оқушыларына тегін тамақ берілетін болды. Оқушыларымыз мемлекет есебінен әртүрлі үйірмелер мен секцияларға қатыса алады. Мектеп түлектерінің жоғары оқу орнына немесе колледжге грантқа түсу мүмкіндігі зор. Соңғы жылдары грант санын айтарлықтай ұлғайттық. «Болашақ» бағдарламасымен мыңдаған жас шетелде білім алуда. Олар Қазақстанға келген соң ел дамуына үлес қосады. «Президенттік жастар кадр резерві» сұранысқа ие жобаға айналды. Келешекте мемлекетті басқарушылардың негізгі легі осы жас мамандардан қалыптасады. Саяси реформалар аясында Мәжіліс пен мәслихаттарда жастар үшін арнайы квота енгізілді. Бұл өкілдік билік қызметіне тың серпін берді. Осы жерге жиналған білімпаз, отаншыл жастар мәслихаттың немесе Парламенттің құрамына кіретініне, тіпті Үкіметте жұмыс істейтініне кәміл сенемін. Жас кәсіпкерлер мен отбасыларды қолдауға айрықша мән беріледі. Мысалы, бизнесті дамытуға және баспана алуға жеңілдікпен несие беру қарастырылған. Бұл балалар мен жастардың өмірден өз орнын табуына жағдай жасауға бағытталған бағдарламалар мен жобалардың бір парасы ғана, – деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, елімізде заман талабына сай білікті мамандар өте көп: мұғалімдер, дәрігерлер, ғалымдар, инженерлер, өнеркәсіптегі

жұмысшылар және басқа да мамандар бар. Қазақстан жастары креативті индустрияда да көптеген табысқа жетіп жатыр.

– Сондай дарынды азаматтардың арқасында бүкіл әлем жұртшылығы Қазақстанды талантты әрі еңбекқор адамдардың елі деп танитын болды. Мемлекет креативті индустрияның дамуына барынша ықпал етеді. Қазір арнайы қор құрылып жатыр. Ол әдебиет, музыка, кино, сериал және компьютер ойындарына қатысты жобаларды жүйелі түрде қолдаумен айналысады. Жастардың қарым-қабілетін көрсетуіне бұл да бір керемет мүмкіндік. Ең бастысы, адал еңбек етіп, адал табыс табу, яғни адал азамат болу. Биыл – «Жұмысшы мамандықтары жылы». Біз қоғамда еңбек адамының абырой-беделін көтеріп жатырмыз. Еңбек культін қалыптастыру – аса маңызды міндет. Кез келген жұмыс – қадірлі. Әсіресе, жұмысшы мамандықтарын игерген жастарымыз зор құрметке лайық, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөзін қорытындылай келе, Қазақстанды көркейту қастерлі парыз екенін атап өтті. Берекелі бірлік пен жастардың жасампаздық қуатының арқасында Әділетті Қазақстанды бірге құратынымызға сенім білдірді.

Форумда «Жаңа адамдар» жастар қозғалысының Алматы кампусының жетекшісі Владимир Изюмников, қозғалыстың баспасөз хатшысы Алпамыс Әбілов, «Тұмар» азаматтық науқанының жетекшісі Ғалия Тузен, «Халық қаһары» азаматтық науқанының жетекшісі Әлихан Сәрсенов, «Antitrash» азаматтық науқанының жетекшісі Бауыржан Аманов сөз сөйлеп, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жүзеге асырылып жатқан реформаларға қолдау білдірді.

Akorda.kz

Ұстаз - шәкірттің шырағы

Ұстаз – ұрпақтың тәрбиешісі, болашақтың сәулетшісі. Ол білім беріп қана қоймай, адамгершілік пен рухани құндылықтарды сіңіріп, өмірлік жол сілтейді. Кез-келген кәсіби жетістіктің түп негізінде ұстаздың берген білімі мен тәлім-тәрбиесі жатыр. Дәрігердің қолындағы шипасы, заңгердің әділ шешімі, ғалымның ашқан жаңалығы, жазушының жүрекке жеткен сөзі – бәрі ұстаздың сіңірген еңбегінің жемісі.

Білімнің шамын жағып, әрбір шәкіртінің жүрегіне ізгілік пен ұлағат сәулесін себетін жанның еңбегі қандай құрметке болса да лайық. Қазақ тілінің мәртебесін биіктетіп, әдебиеттің асыл құндылықтарын шәкірт санасына сіңіріп жүрген сондай тұлғалардың бірі – Гүлбану Жамбекқызы.

Ол – қарапайым маман ғана емес, өскелең ұрпақтың рухани сәулетшісі. Ұлттық педагогикалық университетінің филология факультетін тамамдағаннан кейін, Абай атындағы Республикалық мамандандырылған дарынды балаларға арналған мектеп-интернатта үздіксіз 33 жыл бойы қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ беріп келеді. Ұлы Абайдың: «Ақырын жүріп, анық бас, еңбегің кетпес далаға» деген даналық сөзі Гүлбану Жамбекқызына арналғандай. Білім жолында өзіндік із қалдырып, әр шәкіртінің жүрегіне мейірім мен даналықтың нұрын сеуіп, олардың жеке тұлға болып қалыптасуы үшін бар ғұмырын арнап келеді. Оның қажырлы еңбегі елеусіз қалған жоқ. Сан жылдар бойғы ұстаздық қызметі мен білім беру ісіндегі жаңашылдығы үшін «2020 жылдың үздік педагогі», «ҚР Білім беру ісінің үздігі», «Ы.Алтынсарин» төсбелгісі, «ҚР Еңбек сіңірген ұстазы» атақтары мен ҚР Оқу-ағарту министрлігінің «Құрмет грамотасы»,



«Дарын» РҒПО-ның Құрмет грамоталарымен марапатталды. Бұл марапаттар – тек кәсіби жетістіктердің емес, ұстаздың шәкірт жүрегіндегі орнын айғақтайтын құрмет белгілерін алды.

Нағыз ұстаздың ең үлкен жетістігі – шәкірттері. Гүлбану Жамбекқызының алдынан өткен шәкірттері бүгінде елдің түкпір-түкпірінде ұлтқа қызмет етіп, қоғам дамуына өз үлесін қосып жүр. Олар тек білім алып қана қойған жоқ, нағыз тұлға болып қалыптасты. Өйткені ол әр оқушысының дарынын ашып, олардың қабілетін шыңдап, өмірлік жолын табуға көмектесті. Қазіргі таңда ұстаздың ізбасар шәкірттері әр салада елеулі еңбек етіп келеді. Мысалы: ҚР тұңғыш президенті Нұрсұлтан Әбішұлының Баспасөз хатшысы болған – Айдос Үкібай, белгілі әншілер – Тоқтар Серіков пен Ақбота Керімбекова, белгілі режиссерлер – Мұрат Есжан, Асхат Мұсабай, «Қазақ», «Шалқар» радиосының журналист-жүргізушілері Гүлмира Нәлібай, Ришат Асқарбекұлы, Айбын Шағалақов сынды шәкірттердің бәрі бір кезде дәл осы Гүлбану Жамбекқызының алдынан өтіп, білім алған еді.

Ұстаз болу – мамандық емес, жаратқанның ерекше сыйы. Гүлбану Жамбекқызы үшін ұстаздық – жай ғана жұмыс емес, өмірінің мәні, жүрегінің қалауы. 33 жылдық еңбегі – білім мен парасаттың, еңбек пен ізденістің тамаша үлгісі. Ол шәкіртінің биікке самғағанын көріп, өз еңбегінің жемісін сезінген сәттерді өміріндегі ең үлкен марапат деп біледі.

ТҰРЛЫБАЙ Нұртілеу,
Абай атындағы Республикалық
мамандандырылған дарынды балаларға
арналған қазақ тілі мен әдебиетін
тереңдете оқытатын орта
мектеп-интернатының
11 «Б» сынып оқушысы.
Алматы

«Мұқағали - мәңгілік ғұмыр»

«...Ақынмын деп қалай мен айта аламын,
Халқымның өз айтқанын қайталадым.
Күпі киген қазақтың қара өлеңін,
Шекпен жауып өзіне қайтарамын, –

деген ақын өлеңінде жан тазалығын, асқақ рух пен халқы алдында қарапайым жан екенін жазып кеткен ақын жырлары оқырманы барында мәңгі жырлана беретіні сөзсіз. Оның өлеңдерінің өміршен болуы – поэзия сүйер қауым өлеңдерін жатқа айтып, әнін шырқаудан жалыққан емес. Деседе, жас ұрпақ жадында поэзия ақиығының шығармасын сақтап, ақын жайлы көп мағлұмат алу үшін мектептің атқарар жүгі бар. Ұстаздар қауымы ақынның туған күні қарсаңында сыныптарда ашық сабақтар, сынып сағаттары мен әдеби кештер ұйымдастырып, ақынның тұлғасы мен өлеңдерін шәкірт жүрегіне терең бойлату үшін олардың шығармашылық қабілетін дамытуда ұйымдастырып келе жатқан іс-шаралары орасан.

Бұл ретте қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің еліміздің тарихи тұлғаларының өмірі мен шығармашылығы, ерлігі мен қайсарлығын жас ұландарға дәріптеудегі еңбегі өлшеусіз дер едім.

Биыл ақынның туғанына 94 жыл толды. Соған орай, біздің гимназия қоғамдық-гуманитарлық пәндер бірлестілігінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдерінің жетекшілігімен Абай атындағы Қазақ ұлттық педогогикалық университетінің филология факультетінің 3-курс студенттерінің ұйымдастыруымен «Мұқағали – мәңгілік ғұмыр» атты әдеби кеш өткізді. Кеште ақынның өмірбаяны таныстырылды. Мұқағали ақын қысқа ғана ғұмыр кешкенімен 1000 – нан астам өлең жазып, 12 жыл ішінде 8 жыр жинағы жарық көреді. Поэмалары, пьесалары мен аудармалары өз алдына. Алматы Шет тілдері институтының неміс тілі, Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультеттерінде оқып және Мәскеудегі М. Горький атындағы әлем әдебиеті институтында білім алады.

[1] Ақынның әдеби мұрасын зерттеуде 3 кандидаттық диссертация қорғалып, шығармашылығы турасында 700-ге тарта еңбек (мақала, естелік-эссе, роман, поэма, өлең, т.б.) жазылған. Мұқағали қайтыс болғаннан кейін ҚР Жазушылар одағы Мұқағалидің атындағы әдеби сыйлық тағайындады (1985), оған ҚР Мемлекеттік сыйлық (1999), “Ғасыр ақыны” атағы берілді. 60 жылдық мерейтойы қарсаңында ақынның туған жерінде мұражайы ашылды. Алматыда ақын атында мектеп, көше және сол көше бойында Мұқағалиға арналған ескерткіш бар. Мұқағали өлеңдеріне Н.Тілендиев, Д.Рақышев, Ш.Қалдаяқов, І.Жақанов, Алтынбек Қоразбайұлы Қоразбаев, Т.Рахимов, М.Рүстемов, Т.Мұхамеджанов, Ә.Тінәлиев, Б.Оралұлы, Т.Досымов, т.б. сазгерлер ән жазды. 1999 жылы Мұқағалидың



«Аманат» атты кітабы Мемлекеттік сыйлыққа ие болды (Абай атындағы Мемлекеттік сыйлық).[1]

Әдеби кештің мақсаты:

Шәкірттерге М.Мақатаевтың өмір жолын шығармашылығын дәріптеу. Отанды туған жерді сүйюге тәрбиелеу, оқушылардың поэзияға деген сүйіспеншілігін арттыру, ақын өлеңдерінен үлгі алу.

Сабақтың көрнекілігі: Ақын өмірбаянынан бейнеролик, ақын шығармашылығынан слайд, Wordwall сайты арқылы викториналық сұрақтар дайындап, оқушылардың ақын жайлы білім көкжиегін кеңейту.

Әдеби кешке оқушылар белсене қатысып, ақын өлеңдерінен үзінділер оқылды, оның сөзіне жазылған әндерді шырқады. Айталық, 10 “Ә” сынып оқушысы Болатұлы Дәулет М.Мақатаевтың сөзінде жазылған “Бақыт деген”, 6 «А» сынып оқушысы Мыңжасар Гауһар ақын сөзіне жазылған «Есіңе мені алғайсың» әнін орындады. 6 «А» сынып оқушылары Тәжібаев Нұрбол, Бейбітбай Әсель, Аман Нұрқадыр, Тұяқ Кәусар ақиық ақынның шығармаларын мәнерлеп, жатқа оқыды.

Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педогогикалық Университетінің филология факультетінің 3-курс студенттері ақын өмірінен сыр шертетін әсерлі көріністі көрермендердің жүрегіне жеткізді.

Сондай-ақ әдеби сазды кеште ақынның рухына бағышталған арнау оқылды.

Әдеби сазды кешті тамашалаған гимназия оқушылары мен ұстаздар жоғары деңгейде бағалады.

САМАДИЕВА Роза Жұмағазықызы,
Алматы қаласы, №147 гимназияның
қоғамдық-гуманитарлық пәндер
бірлестігінің жетекшісі

[1] Дереккөзі: «Уикипедия» ашық
энциклопедиясы.

Өлең арқылы рухани әлемге саяхат

Ақберен Елгезек – қазіргі қазақ әдебиетінің жарқын өкілі, ұлттық рух пен заманауи стильді біріктірген талантты ақын. Оның поэзиясы қазақ оқырманының жүрегіне жол тауып, терең философиялық ойымен ерекшеленеді. Ақберен мырзамен болған ауқымды сұқбатымызда шығармашылық жолы, қазақ әдебиетінің бүгінгі ахуалы және ақынның болашақ жоспарлары туралы әңгімелестім.



— Ақберен мырза, сіздің мектепті Абай атындағы Республикалық мамандандырылған дарынды балаларға арналған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын мектеп-интернатында оқып бітіргеніңізді білеміз. Білім ұясынан сіз қандай өнеге алдыңыз?

— Абай атындағы РММИ менің шығармашылық жолымда ерекше орын алады. Бұл мектепте қазақ әдебиеті мен мәдениеті тереңінен оқытылып, бізге тек білім ғана емес, ұлттық құндылықтар мен рухани дүниелер де маңызды түрде ұғындырылды. Мен үшін бұл – қазақ руханияты мен әдебиетін терең түсінуге мүмкіндік берген орта болды. Мұнда дарынды балаларға арналған ерекше бағдарлама болды, бұл менің шығармашылық қабілетімді ашуға ықпал етті.

— Алғашқы өлеңіңіз есіңізде ме? Ол не туралы еді?

— Әрине, есімде. Алғашқы өлеңімді 13 жасымда жаздым. Ол табиғат туралы болды. Бірақ сол кезде өлең жазу мен үшін ойын сияқты еді. Кейінірек, өмірдің ауыртпашылықтары мен қуаныштарын сезіне бастағанымда, поэзияға деген көзқарасым өзгерді.

— Өлең жазу сіз үшін не? Бұл рухани медитация ма, әлде өмірлік қажеттілік пе?

— Өлең жазу – менің жанымды тыныштандыратын және өзіммен диалог жүргізуге мүмкіндік беретін құрал. Өмірде көп нәрсені сөзбен жеткізу қиын. Ал өлең – жанның шындығын ашатын ең жақсы құрал. Кейде мен өзімді түсіну үшін өлең жазамын, кейде бір оқырманның жүрегіне үміт ұялату үшін.

— Сіз үшін шынайы поэзияның мәні неде?

— Шынайы поэзия – бұл адамның жан дүниесінің айнасы. Ақын шын жүректен жазса, оның әр сөзі оқырманға жетеді. Поэзия жалғандықты көтермейді. Ол оқырманның жан дүниесіне терең бойлауы керек.

— Абай РММИ оқушылары арасында шығармашыл атмосфера бар ма еді?

— Әрине. Біз бір-біріміздің шығармашылығымызға қолдау көрсетіп, ынталандырдық. Бұл мектептің атмосферасы өте ерекше еді: тек оқулықтармен ғана шектелмей, өз ойымызды

еркін білдіріп, өлеңдер жазатын, әдебиет пен өнер туралы терең әңгімелер айтатын орта болды. Әрбір оқушының шығармашылығы бағаланып, әрі қарай даму үшін барлық жағдай жасалды.

— Сіздің шығармашылығыңыздағы ең қиын сәттер қандай болды?

— Шығармашылықта ең қиын сәт – өз-өзіңді қайталау. Ақын үнемі ізденісте болуы керек. Өлең жазу үшін шабыт аз, оған көп еңбек пен өзіңе сын көзбен қарау керек.

— Сіздің ең үлкен жетістігіңіз қандай деп ойлайсыз?

— Мен үшін ең үлкен жетістік – оқырманның өлеңдерімнен өзіне қажетті нәрсе табуы. Кейде оқырмандарым жазған өлеңдерім олардың өміріндегі қиын сәттерді жеңуге көмектескенін айтады. Бұл – мен үшін ең үлкен марапат.

— Қазақ поэзиясының әлемдік деңгейге шығуына не қажет деп ойлайсыз?

— Біріншіден, аударма мәселесін жақсартуымыз керек. Қазақ поэзиясын шет тілдерге аударып, әлемге танытуымыз қажет. Екіншіден, поэзияны заманауи форматта, технологияның көмегімен насихаттауға тиіспіз.


— Алдағы уақытта қандай жобаларды жүзеге асыруды жоспарлап отырсыз?

— Қазір прозаға көбірек көңіл бөліп жүрмін. Қазақ поэзиясын әлемге таныту мақсатында шетелдік баспалармен жұмыс істеуді жоспарлап жатырмын. Сондай-ақ, жас ақындарға арналған шығармашылық шеберханалар ұйымдастыру ойымда бар.

— Жас ақындарға қандай кеңес бересіз?

— Ең бастысы – шынайы болыңыз. Шынайылық – кез келген өнердің негізі. Жазудан қорықпаңыз, бірақ өзіңізге сын көзбен қарауды да ұмытпаңыз. Ешқашан тоқтамаңыз, ізденіс сізді үлкен жетістіктерге жетелейді.

Ақберен Елгезек – қазақ әдебиетінің бүгінгі күнгі ең жарқын тұлғаларының бірі. Оның өлеңдері оқырманның жанын тербетіп, ұлттық рух пен заманауи көзқарастың үйлесімін көрсетеді. Ақбереннің болашақта да қазақ әдебиетіне жаңа тыныс беріп, жас ұрпақты шабыттандыра берері сөзсіз.



ГАНИҚЫЗЫ Дәрия, Абай атындағы Республикалық мамандандырылған дарынды балаларға арналған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын мектеп-интернатының 10-сынып оқушысы

Қазақстанда логистиканы дамыту: СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСЫМДЫҚТАР МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАР

2025 жылғы 28 қаңтарда Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Үкіметтің кеңейтілген отырысы өтті. Мемлекет басшының сөзінде логистиканы дамыту бойынша нақты шаралар маңызды орын алды.

«Қазақстанда дамыған логистикалық жүйе жұмыс істеуі тиіс. Бұл – қазіргі халықаралық нарықтың ерекшеліктерін ескере отырып, стратегиялық міндет. Автомобиль көлігімен тасымалдау үшін жасыл дәліздің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету, жоспарланған автожолдардың құрылысы мен жөндеу жұмыстарын уақытылы аяқтау қажет. Біз автотасымалдардың әлеуетін толық пайдаланбай отырмыз. Логистиканың табысты дамуы заманауи технологияларды енгізусіз мүмкін емес. Сондықтан қоймаларды автоматтандыру, маршруттарды цифрландыру, көлік ағындарын басқаруда жасанды интеллектті пайдалану Үкіметтің тұрақты назарында болуы тиіс, – деп атап өтті Мемлекет басшысы.

Мемлекет басшысы атап көрсеткен басым бағыттардың бірі – Қазақстанда халықаралық әуе хаб құру. Бұл үшін елдегі ірі әуежайларды түбегейлі жаңғырту қажет. Президент біртұтас экожүйе қалыптастырудың маңыздылығына тоқталып, оған жүк және жолаушылар терминалдары, логистикалық орталықтар мен заманауи сервистер кіретінін атап өтті.

Әуе хабын дамыту Қазақстанның Еуропа мен Азия арасындағы транзиттік рөлін нығайтып, жүк айналымын арттыруға және бизнеске жаңа мүмкіндіктер ашуға мүмкіндік береді. Әуежай инфрақұрылымына инвестиция салу, мультимодальды тасымалдарды дамыту және авиациялық логистиканы басқаруда цифрлық технологияларды енгізу – осы стратегиялық мақсатты жүзеге асырудағы маңызды қадамдар.

Жасанды интеллект және Big Data технологияларын қолдану сұранысты болжауға, қойма қорларын басқару тиімділігін арттыруға және тәуекелдерді барынша азайтуға мүмкіндік береді.

Қоймалық логистиканы автоматтандыру өнімділікті едәуір арттырады. Жүктерді өңдеу, сұрыптау және сақтау үшін роботтандырылған жүйелерді пайдалану адами факторға тәуелділікті азайтып, логистикалық операциялардың жылдамдығын арттырады. Сонымен қатар, көлік ағындарын басқарудың автоматтандырылған жүйелерін енгізу жолдардың өткізу қабілетін жақсартып, кептелістерді барынша азайтуға көмектеседі.

Логистика саласын дамытудың тағы бір маңызды бағыты – теміржол инфрақұрылымын жаңғырту. Президент «Мойынты – Қызылжар» жаңа теміржол желісінің құрылысын бастап, Қызылжар бекетінен Ақтау портына дейінгі аса жүктелген магистральдық учаскелерді жаңғыртуды тапсырды.

Сонымен қатар, «Алтынкөл – Жетіген» теміржол учаскесін кеңейту жоспарланып отыр. Бұл Қытай мен Орталық Азия арасындағы көлік дәлізінің әлеуетін айтарлықтай арттырады. Нәтижесінде Қазақстан өңірдегі негізгі логистикалық орталық ретінде өз позициясын нығайта түседі.

Теміржол тасымалдарын цифрландыру мен

мультимодальды көлік тораптарын дамытуға ерекше көңіл бөлінуде. Теміржол қозғалысын басқарудың интеллектуалды жүйелерін енгізу жүк тасымалдарының тиімділігін арттырып, жолдағы уақытты қысқартады және шығындарды азайтады.

Қойылған міндеттерді орындау үшін логистикалық менеджмент, қойма, көлік, ақпараттық және халықаралық логистика құралдары мен әдістерін меңгерген жоғары білікті мамандар қажет. Мұндай мамандар әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Бизнес-технологиялар» кафедрасында дайындалады.

Біз, кафедра оқытушылары, Президент белгілеген даму бағыттарын толық қолдаймыз, өйткені Қазақстанда логистика саласын дамытуда үлкен әлеует бар және біз осы міндеттерді шешуге өз үлесімізді қосуға дайынбыз. Біздің мамандарды даярлау бағдарламамыз саланың заманауи




талаптарына сай, оған цифрлық технологияларды, жасанды интеллект пен автоматтандырылған басқару жүйелерін зерттеу кіреді.

Логистика – Қазақстан экономикасының маңызды құрамдас бөлігі және оны әлемдік экономикаға ықпалдастырудың басты факторы. Президент ұсынған бастамалар заманауи, тиімді және орнықты логистикалық жүйе құруға бағытталған, бұл Қазақстанға жаһандық көлік тізбектерінде жетекші орын алуға мүмкіндік береді.

Бұл мақсаттарға жету үшін Үкіметтің, бизнестің және академиялық қауымдастықтың күш-жігерін біріктіру қажет. Озық технологияларды енгізу, инфрақұрылымды дамыту және білікті мамандар даярлау – логистика саласының өсуінің негізгі қозғаушы күштері болады. Бұл өз кезегінде Қазақстан экономикасының ұзақ мерзімді тұрақты дамуын қамтамасыз етеді.

**АХМЕТОВА Зауреш Болатхановна,
АХМЕТКАЛИЕВА Сандыгуль Кусмановна,
БЕЙСЕНОВА Мадина Унайбековна,
ИСАЕВА Айман Амангельдиевна,
МҰСА Қарлығаш Асылқызы**
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
«Бизнес-технологиялар» кафедрасы
Сурет: WareTeka

Оқыту мен оқудағы ақпараттық- коммуникациялық технологияларды қолдану



Андатпа. Бұл жұмыста оқушылардың сабаққа деген құлшынысы мен қызығушылығын арттыруда интерактивті оқу құралдары мен жаңа әдіс-тәсілдерді тиімді пайдаланып, оқушылардың өздігінен білім алуы мен дамуы баяндалады.

Кілт сөздер:

Интерактивті такта, интерактивті әдістер, bilimland.kz, Quizizz, chat gpt, gimkit, nearpod, desmos.

Қазіргі білім беру үдерісінің тиімділігінің жақсарту және сапалы біліммен қамтамасыз ету үшін оқушылардың өз ойынан жеткізе алу, сыни тұрғыдан ойлауға үйрету, сабақта электронды оқулықтар мен bilimland.kz, nearpod сияқты сайттарға кіріп білім алушыларды теориялық материалдар, видеолармен қаруландырып, интерактивті оқу құралдары мен интернет желілерінің тиімділігін пайдаланып, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану, оқытуды және тұлғаға бағыттаудың тәсілдерін, оқушылардың өздігінен білім алуы мен дамуын ынталандыратын бағалау жүйесімен таныса отырып, білімімді толықтырдым. Осы жаңа әдістерді қолдана отырып үш тізбектелген ашық сабақ өткіздім, тақырыбы: «Функция. Функцияның графикпен берілуі. Сызықтық функция».

Мұғалімдерге арналған нұсқаулықтың негізіне сүйеніп, әрбір сабағымды сыни ойлай отырып, оқушылардың білімінің қалыптасуына ықпал ететін әдістерді қолдануымыздың барысында оқушыларымыз айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізуде. Олар ортақ проблеманы шешуде бірлесіп жұмыс істей алды, әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану арқылы ойлау дағдылары, оны жеткізу дағдыларымен қалыптасуда. [1] Мысалы: оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын дамыту мақсатында, формулаларды, Венн диаграммасы арқылы ұқсастығымен, айырмашылығын тапқызып, анықтамасын өзіміз құрастырып көрдік. Оқушылар белсене атсалысты,

кітаппен салыстыра отырып, оқушылар өз айтқан ойларының дұрыс екеніне көз жеткізді. Өткен сабақтардың тақырыбы - өте күрделі тақырыптардың бірі, соған қарамастан оқушылар тырысып, қате жіберіп жатса да, бір-біріне көмектесу арқылы естептерді шығарды. Тақырып бойынша оқушыларға сызба, жазба арқылы тапсырмалар арқасында, миға шабуыл стратегиясын, күрделі сұрақтар арқылы метатану стратегиясын қолданып, оқушыларға көп мүмкіндік бердім. Жетелеу сұрақтарын көп қолданып, анықтаманы, формуланы оқушылар өздері ашқандай әсер алдым. Әр оқушы өз үлесін қоса білді, деңгейіне қарай. Сабақ соңында оқушыларға өзім құрастырған Quizizz, gimkit тест тапсырмаларын орындатып, тақырыпты қаншалықты түсінгендіктерін біле алды.

Жоғарыда өткізген сабақтарымның қорытынды нәтижелерінен аңғарып, түйіндегенім-диалогтік сұхбаттасу. Менің де, оқушыларымның да білім алуына қомақты үлес қосатын өзара іс-қимылдың шын мәніндегі тиімді түрі болып табылатындығын көрсетті. Сонымен қатар, бағдарлама идеясын сабақтарыма енгізу арқылы мен оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдерді пайдалана отырып, диалогқа түсіру арқылы сыни ойлаттым, ойын бүкпесіз ашық жеткізіп, ашыла сөйлеуіне ықпал еттім. Сабақтарымды дайындау барысында диалогты қолдану арқылы оқушыларға сұрақ құрастырдым. Мәселен, кіріспе бөлімінде байланыс орнату, сыныптың не білетінін анықтау, бұрынғы жұмысты қайталау, сабақ тақырыбында жүретін проблемаларды белгілеу мақсатында қолдандым. Сабақты менгеріп, оны қолдану кезеңінде назар аудару және түсіндіру, бақылаудың негізінде ойлы тұжырым жасауды үйрену, қиын сәттерді, түсінбеушіліктерді түсіндіру және жекелеген оқушыларға көмектесу мақсатында қолдандым. [2]

Бағдарламадағы «Оқыту мен оқудағы

ақпараттық-коммуникациялық технологияларды» қолдану біріншіден, оқушының ой, зейін, ес, қабылдау сезімдеріне әсер етеді; екіншіден, сабақтың мазмұндылығы көрнекі құралдардан демекші, көрнекі құралдың нақтылығы, әсерлігі, тартымдылығы болса; үшіншіден, оқушының пәнге деген қызығушылығы, белсенділігі молынан артады, сондықтан осы сабақтарда көрініс тапты. Қалай оқу керектігін үйретуді алдым, өйткені сабақта жаңаша әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, мұғалім бағыт-бағдар береді, бақылайды, қадағалайды, бағалайды, өзгертеді, ал оқушы өздігінен білім алып өзін-өзі реттеуге дағдыланады, соңында оқушы қалай оқу керектігіне үйренеді. [3] Оған менің зерттеуге алған сабақтарымдағы оқушылардың іс-әрекеттері дәлел бола алады.

Тілдік мақсаттар математикалық терминдер анықтамаларының дұрыстығы мен нақтылығына аса назар аударып, оқушылардың сөздік қорын байытуға бағытталған.[1] Сондықтан балаға білім беруде негізгі математикалық терминдердің үш тілдің мағынасын ашып көрсетіп, үйретсек, оқушының өмірде қолданысқа енгізуіне, ізденуіне пайдасын тигізері сөзсіз, жаңартылған білім беру жүйесіне көшу бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар - соның дәлелі. Жаңа бағдарламаның басты нысаны-баланың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру.

Бағалау критерийлері оқу мақсатында не көрсетілсе, тек соны ғана бағалайды және Блум таксономиясында берілген алты ойлау дағдыларының деңгейлерін - білу мен түсіну, қолдану, анализ, синтез және бағалауды көрсетеді. Бағалау критерийлерін оқу мақсаттарына сәйкестіндіріп, нақтылап дайындаймын. [3] Одан кейін бағалау критерийлерін сәйкестендіріп, оқушылардың жеке ерекшеліктерін, оқу мазмұнын ескеріп, тапсырма және оның дескрипторларын құрастырамын. Дескрипторлар тапсырманы орындаудағы оқушы қадамын нақтылайды, нәтижеге жету жолын анықтайды, сондықтан дескрипторлар



оқушыларға түсінікті болуы қажет. Жүргізілген жұмысымыздың барысында кедергілерге де кезіктік, соның бірі оқушыларға жаңа сабақты игерту мақсатында жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде сабақ мақсатын өздері қойып, бүгін не үйренетінін анықтағанмен, жаңа сабақты игеру барысында топтық жұмыста белгіленген уақыт жетпей қалды. Оның себебі, оқушыларға сабақ материалының қиындығы мен бұған дейін таныс болмауы әсер етті.

Ойымды түйіндей келе айтарым, қазіргі сабақтарыма енгізген жаңалығым өте-өте көп болды. Бұрынғы уақыттарда дәстүрлі сабақ кезінде оқушыларға тек қана дайын білім беріліп, оқушылар тыңдаушы болып, ал, біз яғни мұғалімдер сабақтағы уақыттың басым бөлігін өзіміз жаңа сабақ жайлы ақпарат беруге пайдаланатын болсақ, қазір оқушының өзінің ізденуіне көп мүмкіндік бере алатын болдым. Білімімді жетілдіргеннен кейін мен сабақты түрлі формада ұйымдастыра білуді, оқушыларды критерий, тест арқылы білімдерін бағалауды, айналаға сыни көзқараспен қарауды және оқушыға еркіндік бере отырып, пікірлерін тыңдай білуді және өз іс-әрекеттерімді сыни тұрғыда бағалауға үйрендім.

**ДЮСЕМБЕКОВА Гаухар Косжановна,
8- сынып оқушыларына сабақ өтуде.
Абай атындағы ЖББМ, Қарағанды облысы,
Шет ауданы, Жұмыскер ауылы,
Абай атындағы ЖББМ**

Пайдаланылған әдебиеттер

1. «Мұғалімдерге арналған нұсқаулық», «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2017 ж.
2. «Тәжірибедегі рефлексия» жалпы білім беретін мектептердегі педагогика кадрларының кәсіби даму бағдарламасы. Тренерге арналған нұсқаулық. 2018 ж.
3. Оқыту мен оқудың белсенді әдістері, Астана 2019 ж.



ОҚУШЫ ӨМІРІНДЕГІ МАҢЫЗДЫ КЕЗЕН

**Тоқаев Қасым-Жомарт Кемелұлы,
Қазақстан Республикасының Президенті:**

«Дамыған мемлекет болу үшін озық білімге ұмтылып, жаңа технологияны, соның ішінде жасанды интеллектіні игеруіміз қажет. Әрдайым бір-бірімізге қамқор болайық. Үлкенге – құрмет, кішіге – ізет көрсетейік. Балаларымыздың тәрбиесіне баса мән берейік. Үлгі-өнеге болып, ұлағатты ұрпақ өсірейік».

Биыл менің сыныбым бастауышпен қоштасады. Төрт жыл алған білімін саралап, орта буынға өтеді. Бастауыш сынып мұғалімі әр төрт жыл сайын бастауыш сыныбын аяқтағанда «Мен шәкіртімді біліммен нәрлендіре алдым ба? Олар ұстазынан не үйренді?», «Мен бастауышта бала оқытуда мақсатыма жеттім бе?» деген сұрақтарға жауап іздейді. Жауапты оқушылардың білімі, қабілеті, үйренгенін саралай отырып, беруге болады. Ата-аналар болса, «Баламыз төрт жыл бойы қандай білім алды? Сапалы білімге қол жеткізе алды ма? Бастауыштағы алған білімі орта және жоғары сыныптарда азық бола ала ма?» деген сұрақтардың жауабын ұл-қызының сынып сағаттарында, ашық сабақтарда көрсететін белсенділігінен іздейді. Мектептің бастауыш сыныбы - шәкіртке белгілі бір білім ғана беріп қоймай, оны жалпы дамыту, яғни сөйлеу, оқу, қоршаған ортаға дұрыс көзқарасты қалыптастыру, жағдайларды объективті түрде бақылап, талдау жасауға үйрету, ойын дұрыс айтуға, дәлелдеуге, сөйлеу мәдениетіне үйрету.

Әр сабақта оқушыларды ақпараттық технологиямен жұмыс істеуге үйретемін. Оқытудың ақпараттық технологиясы-ақпаратпен жұмыс жасау үшін қолданылатын арнайы тәсілдер, педагогикалық технологиялар, бағдарламалық және техникалық құралдар. Ақпараттандыру технологиясы арқылы заман талабынан сай сабақ берудің тиімділігі өте көп. Күнделікті сабаққа видео, аудио қондырғыларды, компьютерді, интерактивтік тақта мен мультимедиялық проекторларды пайдаланып, пән бойынша өткен сабақтарды оқушының қалай меңгергенін тексеремін.

Бастауыш сынып – білім негізінің тұғыры. Шәкірттер сол тұғырдан тайқып кетпеуі үшін бастауыштың пәндеріндегі тақырыптың өзін бала қызығып оқитындай дәрежеге жеткізу қажет. Бүгінгі балалар ақпараттық технологияны өте жақсы меңгергенін жоққа шығаруға болмайды. Баланы көп біледі деп смартфондар жетегінде қалдыруға болмайды. Оларға алдымен әлем, әлемдегі үлкен территорияны алып жатқан – Тәуелсіз еліміз Қазақстан туралы үнемі айтып,



отырамын. [1]Қазақстан – зор тарихы бар ел, әлемдегі бәсекеге қабілетті елдер қатарына кіруге тырысатын үлкен мүмкіндіктер елі. Еуразия құрлығындағы мемлекет. Құрлықтың орталық бөлігінде орналасқан. Қазақстан Республикасы - президенттік басқару формасындағы унитарлы мемлекет. Қазақстан 1991 жылы 16 желтоқсанда тәуелсіз мемлекет атанды. Елордасы - Астана қаласы. Мемлекеттік тіл - қазақ тілі, сонымен бірге, орыс тілі ұлтаралық қатынас тілі мәртебесіне ие. Ақша бірлігі - теңге. Қазақстан халқының саны 20 млн. адамнан асады. Қазақстан – 130-дан астам ұлт өкілдері тұратын көпұлтты зайырлы мемлекет. Аумағы - 2.724.900 шаршы шақырым.(1.049.150. sq. miles). Республика жері батыстан шығысқа 3000 км-ге, солтүстіктен оңтүстікке 1600 км-ге созылған. Қазақстанның жер қойнауында Менделеев кестесінің 105 элементінің 99 табылған, 70 бойынша қорлары барланған, өндіріске 60-тан астамы қатыстырылған. [2]

Бастауыш сыныпта оқушылардың алған білімі әр шәкірттің өміріне азық болады. Сондықтан, оқушыларыма бастауышты бітіргенше олардың қабілетін, оқу сауаттылығын дамытып, бастауыш сыныптарға арналған арнайы байқауларға қатыстырып келемін. Шәкірттің жаңалыққа ұмтылып, жақсыдан үлгі алуға мотивация беретін әр баланың ата-анасы. Олардың мамандығы. Өз саласындығы жетістігі. Дана халқымыз «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің», - деп отбасы құндылығын, ата-ананың жауапкершілігін айтып кеткен. Бастауыш сынып оқушыларының алғыр, зерек, алға ұмтылушылығы отбасындағы тәрбиеге байланысты. Жылдар бойы бастауыш сыныпты оқытып келе жатқалы бері сыныптағы оқушылардың сапалы білім алып, тәрбие тәлімімен жайқалғаны мектеп пен отбасы, ұстаз бен ата-ана арасындағы шынайы түсіністік пен бірліктің нәтижесі дер едім.

МӘДУӘЛИЕВА Салтанат Мұхтарқызы,

Алматы қаласы, №15 гимназия

Бастауыш 4 «Ә» сынып мұғалімі

[1], [2]Мәліметтер: Abai.kz; Invest Kazakhstan.kz

сайтынан алынды.



ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА МАМАНДЫҚ ДҰРЫС ТАНДАУДА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КӘСІБИ БАҒЫТ БАҒДАР БЕРУ

Бүгінгі қоғамдағы экономикалық, саяси, әлеуметтік өзгерістер түбегейлі әр адамның кәсіби іс-әрекет сферасын да қамтып отыр. Мен бұл мақаламда жоғары сынып оқушыларының алдын ала мамандық таңдау сатысын және оған қабілеті мен қызығушылықтары мәселесін қарастырамын. Кәсіби қызығушылықтың құрылымдық психологиялық табиғатын зерттеуде көп жақты зерттеу жұмыстары болғанымен әлі күнге дейін оқушылардың кәсіби бағдар жұмысының күтілетін нәтижелері жеткіліксіз деңгейде. Сол үшін зерттеу жұмысымыздың ең негізгі және едәуір күрделі міндетіміздің бірін – оқушылардың танымдық процесіне қажеттілік, қызығушылық, қабілеттілік, саналы тұрғыда жан дүниесіне жақын қалаған мамандықты таңдау және оны өз бетінше ары қарай жетілдіруді қалыптастыру қажет деп ойлаймыз. Әрине мұндай міндеттерді шешу көбінесе оқушылардың өзіндік ұстанымдары мен ниеттеріне байланысты болып келеді.



П.А.Шавир бұл процестің психологиялық мазмұнын нақты мамандықты таңдау бағытымен, сол таңдаудың ішкі негіздерін табумен байланыстырады. П.А.Шавирдің пікірінше ішкі психологиялық негіздерге қызығулар, бейімділіктер, өзіндік бағалау және құндылық бағдарлану, эмоциялық ішкі бағдарлар, ерік сапаларын жатқызады. Ал, С.Н.Чистякованың пікірінше кәсіби бағыттың мазмұны: оқушылардың қажеттіліктері мен қабылдаулары, бейімділігі мен қабілеттері, олардың кәсіби қызығушылықтары білім беруді жалғастырудың басты мәні болып табылатындығын атап өтті.

Мамандықты таңдау туралы бала сонау мектеп жасына дейінгі кезеңнен ойлана бастайды. Адам балалық шынайылықтан әлеуметтік есеюге дейінгі жылдардан өту барысында бірнеше өтпелі кезеңдерден өтеді. Қазіргі кезеңде жоғары деңгейде қоғамға тиісті қажетті мамандық саналы ұғыну – тұлға саналылығының дамуының бір көрсеткіші болып табылады. Тұлғаның кәсіби қалыптасу мәселесін терең зерттеген Отандық психологтардың бірі Т.В.Кудрявцев тұлғаның мамандыққа қатысы мен іс-әрекеттің орындалу деңгейін кезеңдерге бөлу критерийлері



ретінде алды. Ол кезеңдердің төрт түрін бөліп көрсетті:

1. Кәсіби ниет және оның пайда болуы мен қалыптасуы;
2. Кәсіби білім беру және кәсіби іс-әрекетке дайындық;
3. Мамандыққа кірісу, оны белсенді меңгеру және өндірістік ұжымнан өз орнын табу;
4. Кәсіби еңбекте тұлғаның толық жүзеге асуы.

Сондай-ақ, кәсіп, кәсіби бағдар туралы мәселені Қазақстандық ғалымдар да өз зерттеу жұмыстарында қозғап келді. Солардың ішінен, Қазақстандағы ең алғашқы жұмыстардың бірі Ж.Аймауытовтың «Жан


жүйесі және өнер таңдау», - атты еңбегінен көре аламыз. Аталған еңбегінде кәсіп таңдау мен кәсіби мәселе туралы жазылса, 1994 жылы Алматыда шыққан Л.Х.Мажитованың «Қазақ мектептерінде кәсіптік бағдар беру» әдістемелік нұсқауын (1926), ал С.Ж.Жақыповтың «Психология познавательной деятельности» жұмысында: «кәсіби бағдар жұмысы қоғамға керек екені бұрыннан белгілі болды, бірақ оны пайдалану процесі кеш басталды», - дейді. Сондай-ақ, профессор С.М.Жақыповтың басшылығымен А.Т.Изакова өзін-өзі танытудың мағына құрушы факторларының кәсіби өзін-өзі анықтауға әсерін, Г.М.Кәрібаева кәсіби іс-әрекеттің мотивациялық құрылымының ерекшеліктері мәселесін зерттеді. Осы бағытта зерттеу жүргізген профессор Ж.Т.Түрікпенұлы мен Х.Наубаеваның «Оқушыларды еңбекке баулу және кәсіби бағдар», - атты кітабында кәсіби бағдар – тұлғаның өзіне сай мамандық таңдау кезінде оларға мақсатқа бағытталған көмек көрсету делінген.

Сонымен қатар оқушыларда мамандықты таңдау кезінде ең басты қасиеті - бейімділігі мен қабілеті қатар жүруі керек. Адамның жұмысқа деген талпынысы және оның мазмұнына деген қызығушылығы бейімділікке байланысты. Нақтырақ айтсақ, мамандықтың дұрыс таңдалғанын төмендегідей талаптар орындалса дұрыс деп санауға болады: 1.Кәсіби маңызды саналатын - интеллектуалды, физикалық, жеке тұлғалық қабілеттерге ие; 2. Бұл мамандық еңбек нарығында сұранысқа ие; 3.Сен үшін – ол қызықты және тартымды; 4. Ол сенің қабілетіңе сәйкес келеді т.б. Әрбір оқушы өзінің мамандыққа деген бейімділігін анықтай алады. Ол үшін, сізді қызықтыратын қызмет түрлерін кестенің сол жағына жазып, ал оң жағына – сіздің қызығушылықтарыңызды жұмыс бабымен тәжірибе жүзінде іске асыруға болатын мамандықтарды жазамыз.

Міне, көріп отырғанымыздай оқушыларға жоғарыдағыдай шағын ғана ойды қозғайтын, шығармашылығын шындайтын практикалық тапсырмалар беру арқылы жеке-жеке талдап, өз ойын білдірсе мамандығын дұрыс таңдауға әлдеқайда оң септігін тигізер еді. Қорыта келе, мамандық таңдау – маңызды және жауапкершілікті іс!

ДАУТОВА Айнагуль Нурмановна
Қарағанды облысы, Шет ауданы,
Жұмыскер ауылы, Абай атындағы ЖББМ
мектеп психологы

*Автордың мақаласы журналдың 1 бетіне
лайықталып, қысқартылды.



«ӨНЕРТАПҚЫШТЫҚҚА АЛҒАШҚЫ ҚАДАМ» «Smart Bala» - жобасы

Тәрбие сағатының жоспары:

1. Кіріспе (5-7 минут)

Тақырыпты таныстыру: *«Smart Bala» жобасы туралы қысқаша ақпарат беріңіз. Бұл жоба оқушыларды цифрлық технологияларды тиімді қолдана білетін, жан-жақты дамыған азамат етіп тәрбиелеуге бағытталған. *Бала болашақта қоғамда сұранысқа ие болуы үшін қандай дағдыларды меңгеру керектігін атап өту.

2. Негізгі бөлім (25-30 минут). Smart Bala дегеніміз кім?

*Ақылды бала дегеніміз тек білімді емес, сонымен қатар өзіндік пікір қалыптастыра алатын, жаңа технологияларды пайдалана білетін, әлеуметтік жауапкершілігі жоғары адам деген түсінік. *Оқушылардың цифрлық сауаттылығын арттырудың маңыздылығы: интернеттің пайдалы және зиянды тұстары туралы түсіндіру.

Ақылды бала қандай болу керек. *Заманауи білім беру жүйесі және оны тиімді пайдалану. *Жоғары оқу орындарындағы жаңа әдістер, цифрлық платформа, онлайн оқыту жүйелері туралы айтып өту. *Математика, ғылым және технологияларды үйрену арқылы болашақтың мамандықтарына дайындық жасау. *Жеке даму: оқушылардың эмоционалдық интеллектін, сыни ойлау қабілетін дамытуға көңіл бөлу.

Smart Bala жобасының компоненттері: *Цифрлық сауаттылық: интернетте қауіпсіз жұмыс істеу, ақпаратты сараптау, бағдарламалау тілдеріне қызығушылықты арттыру. *Эмоционалдық интеллект: өз эмоцияларын басқару, басқа адамдардың эмоцияларын түсіну, әлеуметтік дағдылар. *Тұлғалық даму: шығармашылық, дербестік, уақытты тиімді пайдалану дағдылары. Құзыреттілік пен дағдыларды дамыту: *Балалардың үздіксіз оқуға деген ынтасын арттыру. *Өзін-өзі дамытуға арналған түрлі құралдар: онлайн курстар, кітаптар, мобильді қосымшалар, т.б.

3. Қолданбалы бөлімі (10-15 минут). Практикалық жаттығулар мен сұрақ-жауап: *Оқушыларға "Smart Bala" болу үшін қандай дағдыларды үйрену керектігін сұрап, пікір алмасу. *Жеке даму жоспарын құру: оқушылардан өздерінің алдағы уақытта үйренгісі келетін дағдылар туралы айтуларын сұраңыз.

4. Қорытынды (5-7 минут). Жобаның маңыздылығын қорытындылау: *«Smart Bala» болу үшін қажетті дағдыларды меңгеру арқылы жастар өз болашағын қалыптастыра алады. Жобаның маңызды мақсаты — баланың цифрлық ортада

дұрыс бағдар алып, өз мүмкіндіктерін толық ашу.

Үй тапсырмасы: *Оқушыларға өздері қалаған бір онлайн курс немесе бағдарлама тандап, сол бойынша алдағы уақытта білім алу жоспарын жасау тапсырмасын беру.

Материалдар: *Презентация: "Smart Bala" жобасы туралы мәліметтер. *Видео материалдар: Цифрлық сауаттылық, эмоциялық интеллект, тұлғалық даму туралы қысқаша видеолар. *Тақырыптық материалдар: Онлайн курстардың тізімі, пайдалы мобильді қосымшалар мен сайттар. Құрал-жабдықтар: Проектор; Дербес компьютер; немесе ноутбук; Интернет байланысы

Пікірталас сұрақтары:

1. «Ақылды бала» болу үшін сіздің пікіріңізше қандай дағдылар қажет?

2. Цифрлық технологиялар оқу процесіне қалай әсер етеді?

3. Интернеттегі ақпаратты сараптауға қандай тәсілдерді қолданасыз?

5. Қосымша бөлімдер мен идеялар 1. Топтық жұмыс (15 минут): 2. Симуляция ойындары (5-7 минут): *Ситуация 1: Ақпаратты іздеп, тексеру кезінде дұрыс дереккөзді қалай тандауға болады? *Ситуация 2: Әлеуметтік желілерде адамдардың жеке мәліметтерін қорғау үшін қандай қадамдар жасау қажет? *Ситуация 3: Онлайн оқыту барысында уақытты қалай тиімді басқаруға болады?

3. Шығармашылық тапсырма (10 минут). 4. Қонақтар шақыру. 5. Техникалық білім мен дағдыларды дамыту. *Бағдарламалау негіздері. *Жасыл технологиялар. 6. Күнделікті өмірде ақылды дағдыларды қалай дамытуға болады? 7. Мотивациялық сөздер мен бейнемазмұн. 8. Сұрақ-жауап сессиясы (5 минут):

Қорытындылау: Қосымша ресурстар: Кітаптар: «Цифрлық қоғам және білім беру» (Дмитрий Каверин). «Технологиялардың болашағы» (Клаус Шваб) Онлайн курстар: *Coursera - бағдарламалау, цифрлық сауаттылық, жасанды интеллект бойынша курстар. *edX - әлемдік университеттер ұсынатын курстар. *Khan Academy - математика, ғылымдар, экономика бойынша тегін ресурстар.

УЗБЕКОВА Айгул Караголовна,
«Тұрмысы төмен отбасынан шыққан балаларға
арналған 10 жалпы білім беретін мектеп-интернат».

Алматы

Ерекше бала – ертеңгі дана

Ерекше білім беру қажеттілігі (ЕБҚ) - бұл көптеген дамыған елдерде кеңінен таралған түсінік. Себебі, инклюзивті білім берудің принципіне қарар болсақ, әр оқушы жемісті білім алуы үшін барлық жағдайларды жасауға мектептің назары аударылады.

Инклюзивті білім - әрбір оқушының мүмкіндіктеріне қарамастан, олардың ерекше қажеттіліктерін қанағаттандыратын сапалы білімге қол жеткізуін қамтамасыз ету процесін білдіреді.

Инклюзивті білім беру – әрбір оқушының білім алу мүмкіндігіне және жеке қажеттіліктеріне сәйкес білім алу құқығына ие деген идеяға негізделген.

Мақала арқауы болып отырған арнайы және инклюзивті білім беру- халықаралық және отандық заңнамада нақтыланған. «Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында», «БҰҰ Бала құқығы туралы конвенциясында», «Баршаға арналған білім туралы Дүниежүзілік декларацияда» қорғансыз жандарға мемлекет пен қоғам тарапынан қол ұшын беру, ынта-ықылас, жәрдем көрсету мәселелері нақтыланған, «Білім туралы» ҚР заңымен кепілдендірілген.

Осы заңнамаларға сәйкес «Балалардың түрлі білім беру және оқыту бағдарламаларына, байыпты білім беру ресурстары мен технологияларына тең қолжетімділігін қамтамасыз ету» идеясын негізге ала отырып, ауылымыздағы Жұмашев Болат Рысқұлұлы басқарып отырған Абай атындағы жалпы білім беретін мектебінде 2020 жылы қазан айында «Психологиялық – педагогикалық түзету кабинеті» ашылған болатын.

Мақсаты: «ЕББҚ оқушылардың қиындықтарын анықтауда дұрыс диагностика жүргізу, оларды табысты және нәтижелі оқытуға, ал болашақта әлеуметтік ортаға бейімделіп кетуіне жағдай жасай отырып, ерекше білімді қажет ететін балаларды әлеуметтік ортаға бейімдеу, олардың өздерін болашақта қоғамның толыққанды тұлғасы болуға жағдай туғызу».

Арнайы жұмсақ төсеніштер, терапевтік доптар, массаж – кілемшелер, шарикті бассейн, құм-тақта тб құралдармен жабдықталған оқу кабинетінде мектеп бойынша әртүрлі жастағы 5 оқушы аптасына 2 күн, әр маманмен 45 минут жұмыс жасайды. Арнайы дипломымен, жоғарғы оқу орнын бітірген психолог, дефектолог, логопед, әлеуметтік педагог сынды мамандар әр баланың ерекшелігін ескере отырып, түрлі жаттығулар жасайды, тапсырмалар орындатады, ойындар ойнатады, бірге кітап оқып, бірге есеп шығарады. Бейімділіктеріне қарай түрлі байқауларға да қатыстырып, жүлделі орындар да иеленіп жатады.

Оқушылардың ата-аналарымен тығыз байланыс орнатып, мектептен тыс уақыттағы іс-әрекеттері мен қызығушылығын да бақылауда ұстап отырады.

Мектеп басшылығының бақылауымен мектептегі басқа пән мұғалімдері де өз кезегінде курстан өтіп,



сертификатталған. Яғни пән мұғалімдері өз сабақтарында әр ерекше балаға лайықтап ерекше оқу бағдарламасын жасайды, сонда айрықша әдістеме көмегімен сабақтарда сыныптастары алып жатқан білімді ерекше бала да ала алады.

Осындай ынтымақтастықта әр ерекше баланың жүрегіне жол тауып, қолдау көрсетіп жүрген ерекше жандар - нағыз «Ұстаз» деген атқа лайықсыздар дегім келеді!

**КӨШЕНОВА Қымбат Ермекқызы,
Қарағанды облысы, Шет ауданы,
Жұмыскер ауылы, Абай атындағы ЖББМ,
бастауыш сынып мұғалімі**



Болашаққа бір қадам...

Балалық шағы ата-анасының қасынан шықпай, еркелігімен ерекшеленген қыз, яғни мен үшін интернатқа түсу үлкен сынақ әрі жаңа өмірдің бастамасы болды. Өз үйімнің ыстық алақанынан тыс, жаңа ортаға бейімделу – маған ауыр болғанымен, өмірдің келесі кезеңіне қадам басу үшін қажет екенін түсіндім.

Интернаттың қатал тәртібі мен талаптары алғашында менің еркіндіктен айрылып қалғандай сезімде болуыма себеп болды. Қанша жыл ата-анамның қамқорлығында болғаныммен, мектеп-интернаттың ортақ тәртібі маған тәуелсіздік пен жауапкершілікті үйретті. Әр күн сайын мен өзімді өз өмірінің иесі ретінде сезіндім. Жаңа орта, жаңа достар, жаңа тәлімгерлер – бәрі маған өз орнымды табуға, өзіме сенуге және қиындықтарды жеңуге бейімдеді.

Мектеп-интернатта әр бала өз ісіне жауапты, өз уақытын басқаруды, оқуын бақылауды, сондай-ақ жеке өміріндегі мәселелерді шешуді үйренеді. Мұның бәрі менің тұлға ретінде өсуіме, жауапкершілік пен тәртіптілікке бейімделуіме зор ықпал етті. Өз-өзіме деген сенімділіктің артқанын, бұрынғы ерке өмірімнің артта қалғанын байқадым.

Бұл мектеп-интернаттың табалдырығын

аттамай тұрып, мен мүлде басқа, ата-анасының қасынан шығып көрмеген, әкемнің ерке қызы едім. Он екі жасымнан отбасымнан жырақта өмір сүруге тез бейімделіп кеттім демеймін, бірақ уақыт өте келе мен барлығына үйрендім. Өз басыма жауапкершілік ала бастадым, үлкен өмірге қадам басқалы жатқанымды ұғындым.

Сол үшін маған көп нәрсені үйреткен Абай атындағы Республикалық мамандандырылған дарынды балаларға арналған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын орта мектеп-интернатына шексіз алғысымды білдіремін.

Сөзімді қорытындылай келе, мектеп-интернаттағы өмір барлық оқушыны тек сырттай ғана өзгертпей, рухани дамытып, тұлғалық дамуына да үлес қосады.

**ТУРКЕБАЙ Ақзере
Маратқызы,
Абай атындағы
Республикалық
мамандандырылған
дарынды балаларға
арналған қазақ тілі
мен әдебиетін тереңдете
оқытатын орта мектеп-
интернатының
11-сынып оқушысы**



«Абай мектебі» маған не үйретті?

Мен еліміздегі таңдаулы мектептердің бірі Абай атындағы Республикалық мамандандырылған дарынды балаларға арналған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын орта мектеп-интернатына қабылданып, 2021 жылы 31 тамызда 8-сынып оқушысы болып келгенде, менің өмірім, іс-әрекеттерім, ой-өрісім қалай өзгертетінін ойламап едім.



Бәріміз оңды-солды ажырата алмайтын кішкентай едік, ата-анамызды сағынып, мектептен кеткіміз келген сәттер де болатын, бірақ сынып жетекшіміз Махамбетова Гүлбану ұстазымыз бен Ашимжанова Асель тәрбиешіміз бізге көрсеткен қолдаулары арқылы бұл тек уақытша екендігін түсіндік.

Менің ойымша, ең қызық сәт ол 8-сыныпқа келіп, мектеп парағын жаңадан ашу. Мектептегі көп күткен алғашқы асханадағы кезекшілігімізді, апайлардан төмен балл алып, “өмірдің соңы” деп ойлаған кездерімізді, жыр шұғылада бәрінің алдында қобалжып өлең айтып жүрген кездерімізді қазір еске алып, күлеміз. 8-сыныпта 11-сыныптар «қайта 8 сыныпқа оралғым келеді» дегенде түсінбейтінбіз. Қазір өзіміз де қайтадан

8-сыныпта оқысақ дейміз.

Білім алған 4 жылда Абай мектебі төзімділікті, шынайылықты, адамдармен ортақ тіл табысуды, әр мүмкіндікті пайдалануды, бір оқиғаға жан-жақты көзқараспен қарауды, әрқашан елдің алды болуды, дисциплинамен жүруді үйретті.

Мектепте болатын іс-шаралар, ғылыми жобалар, олимпиадалар арқылы ой-өрісімізді жан-жақты дамытып, басқа қалаларды көруге мүмкіндік туындады. Әрбір оқушы сол мүмкіндікті тиімді пайдалана алса деймін.

Осы 4 жыл ішінде есейгенімізді қатты байқаймын. Тіпті, арамызда кикілжің болған жағдайда әр адамның ойын тыңдап, саралап, тереңінен ойлап, нақты дұрыс шешімге келеміз. 8-сыныпта тек бір жақты ойды қарастырып, астарын ойламайтынбыз. Байқағаным, мектепке келіп бойымызбен қатар ойымыздың да өсті.

Ата-аналарымыздан бөлек тұрғанның арқасында жауапкершілік алуды, өз мәселемізді өзіміз шешуді үйрендік. Ойланып қарасам, интернатта бірге өсіп, бір қазаннан тамақ жеп, бір нанды бөліп жеген адамдардан асқан жақын адамдарым болмайды. Бір-бірімізге қандай жағдай болмасын қолдау көрсетіп, әрқашан демеу болуға дайынбыз. Мектеп қабырғасынан басталған достығымыз, әрі қарай жалғасын табатынына сенемін!..

САТТЫБАЕВА Еркенур,
Абай атындағы
Республикалық
мамандандырылған
дарынды балаларға арналған
қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын
орта мектеп-интернатының 11-сынып
оқушысы
Суретті жолдаған автор.





ӘЛЕМ АРАСЫНДА БІЗ БІЛЕ БЕРМЕЙТІН МЕРЕКЕЛЕР

Әлем - біз білмейтін шексіз сырларға толы. «Әр елдің салты басқа», - деп бекер айтпаған-ау, сірә. Сондықтан, бүгін біз “әлем күз мезгілінде қандай ерекше мерекелерді атап өтеді?” деген сұраққа жауап іздейміз.

Біздің елімізде күз айларында аталып өтетін мерекелер көп. Бұл мерекелерді отбасында, мектепте атап өтеміз. 1 - қыркүйек Білім күні. Білім күні, 1 қыркүйекте қазақстандық мектептерде алғашқы қоңырау соғылады. 1 қыркүйек мерекесі Кеңес заманында пайда болған екен. Ресми түрде «Білім күні» ретінде 1984 жылы Жоғарғы Кеңес Президиумының жарлығымен бекітілген.

Қыркүйек айының екінші жексенбісі – Отбасы күні. 15 мамыр – халықаралық отбасы күні. Мереке 1993 жылы БҰҰ-ның Бас Ассамблеясымен бекітілген. Отбасы – шағын мемлекет. Сондықтан атаулы мереке қоғамның назарын отбасыға аудару, отбасының ең маңызды құндылығымыз екенін ұғындыру мақсатында аталып өтеді. Бұл күні отбасы мүшелері бір-біріне ерекше сыйлықтар жасап, көңілін көтереді.

Қыркүйек айының үшінші жексенбісінде Аналар күні аталып өтеді. Адам өмірінде ананың рөлі ерекше. Адамзаттың ана алдындағы парызы көп. Бұл күн аналарымызды құрметтеу күні. Перзенті үшін жанын қиюға даяр аналарға алғыс айту идеясы Нұрсұлтан Назарбаев идеясымен бекітілген болатын. Елімізде 130-дан астам ұлт мен ұлыс мекен етеді. Отанымыздағы барша халықтың тілін құрметтеу мақсатында 22 қыркүйек Қазақстан Республикасы халықтарының тілдері күні тойланады. Мереке аясында еліміздің түкпір-түкпірінде түрлі іс-шаралар өтеді. Бір күнде күллі халықтың жетістігін тамашалап үлгермейтіндіктен мереке бір айға жуық тойланады.

Қыркүйек айының төртінші жексенбісі – Еңбек күні. Мереке еліміздегі жұмысшы мамандық еңбеккерлерінің рухын нығайтып, еңбегіне алғыс айту күні. Түрлі сала мамандарын марапаттайды. Мерекенің атап өтудегі мақсат – өнімді еңбекті ынталандыру, жастар арасында жұмысшы кәсіптерін насихаттау мен жұмысшы әулеттерінің көпжылдық дәстүрлерін нығайту болып табылады.

Әлем халықтары да қыркүйек айында бірқатар мерекелерді тойлайды екен. Атап айтқанда, «Жинау мерекесі» (Thanksgiving) - 1621 жылы Плимут колониясындағы колонизаторлар мен жергілікті

халықтардың егін жинау мерекесінен басталған бұл шара АҚШ-та қараша айының төртінші бейсенбісінде тойланады. Бұл мейрамның басты мақсаты: отбасының мерейі мен бірлігін үстем етіп, адам мен адам арасын жақындастыру.

Окtoberfest- қыркүйек айының соңынан қазан айының басына дейін созылатын шара. Ал тарихына үңілсек, 1810 жылы Бавария королінің некесіне орай тойланған. Мерекенің ерекшелігі: неміс мәдениеті мен сырасын мерекелеу. Яғни, сыраға тікелей қатысты фестиваль. Мерекенің ашылуын Мюнхен қаласы ұйымдастырады. Шамамен бір ай бойы адамдар әртүрлі сыранның дәмін татуына болады

Көрісу күні (day of the dead) - мексикалықтарда да көрісу күні аталып өтіледі екен. Дегенмен де, өзіндік ерекшеліктері бар. Біз татуластықты, байланысты нығайтамыз десек, мексикалықтар өмір мен өлімнің циклін атап өту, өткендерді құрметтеу мақсатында өткізеді. Бұл мереке 1-2 қараша күндері тойланады.

Мидо-Нобори – Жапонияда күздің келуін атап өтетін дәстүрлі фестиваль. Бұл мереке көбінесе қыркүйек пен қазан айларында тойланады. Мереке барысында жапондықтар көктемде егіп, күзде жинаған дақылдарын, әсіресе күріш пен жүзімді атап өтеді. Яғни, ата кәсіптерінің мерекесі десек те қате айтпаспыз. Фестиваль барысында жапондықтар ұлттық киімдерін киіп, түрлі өнер көрсетіп, дәстүрлі тағамдар дайындалады. Мидо-Нобори мерекесінде адамдар бір арнаға тоғысып, алтын күздің адамға берген байлығына рақмет айтып, табиғатпен байланысын нығайтады.

Бүгін біз тек соның бірнешеуіне ғана тоқталып өттік. Таным-көкжиегімізді кеңейтетін мұндай зерттеуді білу, қызығу болашақта зиянын емес, пайдасын берері анық.

**КОПТЛЕУОВА Гульшат,
Абай атындағы
Республикалық
мамандандырылған дарынды
балаларға арналған қазақ
тілі мен әдебиетін тереңдете
оқытатын
мектеп-интернатының
10-сынып оқушысы
сурет: «Қостанай таңы»
газеті**



РАЗВИТИЕ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ НА УРОКАХ ФИЗИКИ

Мы не ошибемся, если скажем, что физика является фундаментальной частью человеческой жизни. Невозможно представить себе жизнь человека без физики. Окружающая среда находится в гармонии с законами физики. Электрическая энергия, тепло, импульс тела, мощность и работа тока, движение автомобилей и поездов, самолетов и вертолетов - все это вытекает из законов физики. Когда физика вошла в жизнь человека? Значительную часть философского творчества восточного ученого аль-Фараби составляет физика, то есть наука о природе. Термин «физика» впервые фигурирует в сочинениях одного из величайших мыслителей древности – Аристотеля (IV до нашей эры). Первоначально термины «физика» и «философия» были синонимами, так как в основе обеих дисциплин лежало стремление объяснить законы функционирования Вселенной. Однако в результате научной революции XVI века физика развилась в самостоятельную научную отрасль.

Чтобы хорошо понимать физику, нужно уметь владеть ее законами. Законы физики, будь это закон Архимеда, закон Бойля-Мариотта или закон всемирного тяготения, изучаются учащимися из учебников, и если ребята понимают их смысл, то смогут понять и объяснить окружающие явления.

Моя главная задача - объяснить школьникам суть предмета «Физика» посредством его преподавания. Физика - очень сложный предмет, тесно связанный с математикой, историей и естественными науками. В общем смысле физика изучает основные (фундаментальные) соотношения и законы природы. Физика - наиболее общая и фундаментальная отрасль естествознания, изучающая состояние, изменение и структуру материального мира. В классе обучаются разные дети, с разными способностями и талантами. Каждый из них по-разному проявляет интересы к тем или иным предметам. Один из них – зарождающийся физик, а у другого - ярко выражены гуманитарные наклонности. Но в жизни место физики немаловажное, поэтому на своих уроках стараюсь показать значение каждой темы или понятия в нашей жизни и где это можно применить, связывая с примерами из реальной жизни. Например, при ходьбе по синтетическим коврам или полимерным полам в современных домах, или снятии нейлоновой одежды наблюдается электрический заряд. Учащиеся могут наглядно убедиться в этом, проводя ряд экспериментов дома. На вопрос: — «Почему происходит явление электризации?» — «Согласно законам физики, синтетические материалы не проводят электрический заряд и хорошо его сохраняют», - отвечает ученики. А где мы встречаемся с этим явлением в повседневной жизни? В авиационной отрасли металлические трапы не устанавливаются сразу после приземления самолета. Почему? Когда самолет летит по воздуху, он сталкивается с трением о воздух, в результате чего самолет электризуется. Снятие накопленного заряда осуществляется путем соединения его с землей через кабель.

Таким образом, на уроках формируются навыки, которые позволяют ребенку анализировать, делать выводы, адаптироваться, и правильно действовать в определенных ситуациях, применяя полученные знания. Если учащийся сумел приобрести такие навыки, он будет легко ориентироваться в современной реальности.

Помимо демонстрационных опытов, лабораторных и практических работ большое значение для развития функциональной грамотности учащихся имеют виртуальные лабораторные работы и домашние эксперименты. Например, проведение опытов, доказывающих существование атмосферного давления или изготовление электроскопа, модели реактивного двигателя и др. Вот еще примеры заданий,

способствующих формированию функциональной грамотности:

Задание 1. Используя карандаш и линейку, измерьте толщину швейной нити методом рядов.

Задание 2. Древнегреческий герой Персей должен был убить Медузу Горгону, не глядя на нее, - иначе бы он окаменел. Как Персей решил эту задачу?

Задание 3. Объясните, используя третий закон Ньютона, слова барона Мюнхгаузена о том, что он сам себя вытащил из болота за волосы. Возможно ли такое?

Одной из интересных тем для учащихся является «Работа и мощность тока. Закон Джоуля - Ленца». Они могут, используя правила и положения, рассчитать мощность, работу и потребление энергии электрического тока при выполнении задач. Используя закон Джоуля-Ленца, учащиеся анализируют и понимают, как этот закон можно применить к устройствам в повседневной жизни и промышленности. «Так вот как можно рассчитать стоимость электроэнергии, которую мы оплачиваем!» - восторженно сказал ученик после изучения данной темы.

Использование подобных заданий на уроках физики предоставляет возможность ученикам размышлять, формулировать выводы, задавать вопросы и искать на них ответы, то есть активно участвовать в процессе учения.

Еще одним из методов повышения естественнонаучной грамотности учащихся на уроках физики является использование ситуационных задач.

Ситуационные задачи позволяют делать выводы и обобщать знания, полученные в процессе изучения разных школьных предметов. Как правило, такие задачи трудно решить по готовому шаблону или алгоритму, необходимо понимать сущность явлений, однако проблемный вопрос в таких задачах должен быть сформулирован так, чтобы ребенку захотелось найти решение и «пуститьсь» в поиск. Здесь ему помогут знания не только по физике, но и по другим дисциплинам. Ситуационные задания могут быть взяты из различных источников или составлены учителем или учащимися.

Таким образом, независимо от того, какой предмет мы преподаем, развитие функциональной грамотности учащегося – это не только развитие навыков чтения, письма, усвоение новых знаний, а также развитие познавательных и творческих способностей ученика. Основная задача функциональной грамотности - показать, что учитель, обучая ребенка, формирует у него свободу, активность, творческое мышление, а также учит ребенка принимать самостоятельные решения.

Физика играет главенствующую роль в естествознании, поскольку законы физики, ее теории и методы исследования имеют решающее значение для всех естественных наук: химии, биологии, географии. Как заместитель директора по учебной работе я курирую кафедру учителей естественнонаучных дисциплин. Наряду с открытыми уроками, где мы делимся своим опытом, наработками в рамках предметных декад, немаловажное значение отводится круглым столам, семинарам, практическим занятиям с разбором заданий PISA по формированию функциональной грамотности учащихся. На таких мероприятиях учителя нашей кафедры делятся своими знаниями, опытом, как использовать такие задания на уроках, как правильно формулировать вопросы детям, чтобы они научились применять полученные знания в повседневной жизни.

Молдабекова Майра Сейтжановна,
учитель физики, заместитель директора по
учебной работе
«Гимназии №15» г. Алматы
Фото: Metior.ru





түсінуге ықпал жасайды. Сыныптарда TopIQ электрондық платформасын пайдалану білім беру үдерісін айтарлықтай жақсартып алатынын айтқым келеді. Бұл инновациялық шешім мұғалімдер мен оқушыларға оқуды байыту, жеке қажеттіліктерге бейімдеу және мотивацияны арттыру үшін көптеген мүмкіндіктер береді. TopIQ сандық оқулықтар платформасы бізге көбірек білім алуға материалды шексіз тыңдауға мүмкіндік береді. Оқушылардың психологиялық тұрғысынан алғанда өзіне деген сенімділігі артты, мұғалім мен оқушы арасындағы виртуалды байланыс тиімділігі жоғарылады. Олай болса, сабақта электрондық платформасын қолданудың қандай артықшылықтары бар деп сұрақ қоятын болсақ, мұғалім үшін:

— сыныптағы барлық оқушыға дайын тапсырма тағайындау мүмкіндігі;



— қосымша материалдар тіркей алу қолжетімділігі;

— Үй тапсырмасын тексере алу сапалылығы;
— Орындалған тапсырмаларды бағалап және комментарий бере алу нәтижелігі;

Ал оқушы үшін:

— ойын арқылы оқытуды жүзеге асыра алады;
— оқытудың жеке траекториясын құруға мүмкіндік алады;
— тапсырманы кез-келген уақытта кез-келген жерде орындай алады;

— жүйе арқылы тапсырманы жіберіп, бағасын ала алады;

— жаңа тақырыпты қалай түсінгенін және оқу материалын бекітіп, өзін-өзі бағалай алады.

TopIQ электрондық оқулығының білім сапасына, оқушылардың үлгерімін арттыруға әсері

TopIQ -цифрлық оқулықтар платформасы, интерактивті тапсырмалары бар мультимедиялық оқу құралы. TopIQ платформасы әр оқушының жеке қажеттіліктеріне бейімделген оқу материалдарын ұсынады. Сонымен қатар TopIQ платформасымен бірге дамимыз әрі оқимыз.

Біздің мектебімізде TopIQ платформасын біршама мұғалімдер қолдануда. Мұғалімдер сабақтар мен тапсырмаларды әр оқушының деңгейіне қарай іріктей алады. Бұл оқытудың тиімдірек болуына ықпал етеді. TopIQ платформасы мұғалімдер мен оқушылар арасындағы ынтымақтастыққа да әсер етеді. Оқушылар пікірмен, идеялармен алмасып, сұрақтар қойып, мұғалімдерден кері байланыс ала алады. Бұл оқу материалдарын тереңірек



**АТКЕЕВА Дина Оралбаевна,
Қарағанды облысы,
Шет ауданы, Жұмыскер ауылы,
Абай атындағы ЖББМ-нің
математика пәні мұғалімі**


ДАНАЛЫҚ МӨРІ

Қазақ даласы – ежелден даналық сөз мәйегінің ошағы. Жыраулар поэзиясының ұшқынын алсақ, қордалы түйіндерге, ішкі қысымы тығыз тіркестерге кезігеміз. Балталаса айрылмас қадау-қадау қарымды ойлар дала дауысын кейінгіге жайғандай.

Ал сонау Рим өлкесінде туып, біздің дәуірімізден 4 мың жыл бұрын дүниеге келген Сенека мұрасы адамзат өркениетіне үлес қосты. Шым-шытырық тағдыр кешкен даналық иесі әуелі сенатор болып, кейіннен қуғын көріп, зұлымдығымен аты шыққан Неронның тәрбиешісі, ел билеушісі, соңында сатқындықтың құрбаны болып өз-өзіне қол жұмсайды. Солайша философ қым-қуыт дәуірінің барлық іргелі оқиғаларының басы-қасында болады. Өмірінің соңында бүкіл лауазымнан бас тартып, жапондық Сайге мен Басе, парсылық Хафиз бен Руми секілді дүние қызығын құрбан етіп, өзін өнерге арнайды. Қызметті қол көрмей, Нерон патша сыйлаған иеліктерін қайтарып, оңашалық аралына кетуді қалайды. Қайда жүрсе де аз сәттен мол сезім кешіп, кішкене төбеден үлкен ой мұнарасын соғады.

Сенеканың «Игілікті тұрмыс туралы», «Бос уақыт туралы», «Жан тыныштығы туралы», «Луцилийге жазылған адамгершілік хаттары», сонымен қатар «Медея», «Эдип патша», «Фиест» секілді драматургиялық әйгілі трагедиялары бүгінге дейін құндылығын жойған жоқ. Әсіресе «Луцилийге жазылған адамгершілік хаттары» айрықша дәлдігімен, тапқырлығымен ерекшеленеді. Хатта адамгершілік, ар-ұят, мақтан мен сөгіс, адамның жан әлемі сөз болады. «Ақылды қашан да байсалды. Өйткені ол басқа нәрсеге тәуелді емес және фортунадан да, адамдардан да мейірім күтпейді. Жан рахатына жеткісі келгендер құрмет пен игілікке тек адалдық арқылы жетсін». Немесе «Біздер көпшіліктің мақтағанынан рахат ала кетпеу үшін жанымызды таза ұстайық. Бізді көп адам мақұлдағаны сенің көп адамға түсінікті болғаныңнан шығар, оған несіне риза боласың? Біздің қадір-қасиеттеріміз біздің ішкі дүниемізге қызмет етсін» дейді хатында. Сенека кітап тәрбиесімен бірге өмір тәжірибиесін мол көрген, толғақ кешкендей түрлі жағдаятқа толғана білген жан. Бәріне қосылған, бәрінен ажыраған, бәрін шақырған, бәрінен қайтқан, соңында баянсыздық батпағына түсіп жараланған жанынан даналық бұлағын ағызған бірегей дана. «Барлығынан бұрын неден қашу керектігін білесің бе? Тобырдан! Тобыр ішіне кірсем сол күйімде шыққан кезім болған емес. Одан бір нәрсе жұқтырып, кірленіп шығасың. Одан шыққанда сараң, менмен, сән-салтанатқа құмар, ашушаң және қатыгез болып шығасың. Мен өз пікірімді өзгерте алмаймын: тобырдан қаш, азғана топтан да қаш, бір адамнан да қаш!» дейді философ.

Сенека күллі зауалдың басы құмарлыққа берілуден туындайтынын айтты. Философтың дәлелдеуінше құмарлықтың көзі – ашу, сондай-ақ құмарлық адамның жан-дүниесіндегі сана күшін күйретіп, жанды көрсөқыр



Коллажды жасаған – Қонысбай ШЕЖІМБАЙ, «EQ»

ететін қуат. Кейбір бұ дүние мен о дүние туралы пікірлері Тәураттағы жазбалармен үндеседі. Замандасына жазған хатында өлімді жанның емес, тәннің ғана соңғы сағаты екенін баян етеді. Әрі соңғы күніміз деп жүргеніміз мәңгі өміріміздің бастауы екенін ұқтырады. Сондай-ақ ғылым-білімге бастап, онсыз адамдық тауына жетудің мүмкін емесін сөз етеді. «Ғылымға құмарлық – өзгенің есебінен ақыл алу. Оқысам, біріншіден – өзіме-өзім риза бола түсуден арыламын, екіншіден, біреудің білгенін біліп болған соң, оны жетілдіруді ойлаймын. Оқу ақылға азық береді. Тек жазумен немесе тек оқумен ғана айналысуға болмайды, оларды кезектестіріп отыру керек. Сонда біз оқығанымызды елеулі бір нәрсеге айналдырамыз. Осылай біз гүлге қонып бал шырынын жинап, оны алып келіп бір қауызға құйып балға айналдыратын бал арасына ұқсаймыз» дейді даналық сұлтаны. Өмірінің соңында хакім Абаймен үндес, адамның өзін тәрбиелеу жолында қажыр-қайрат танытуының маңыздылығын меңзейді. «Өзіңді бағындыр, Луцилий! Енжар бола бастасаң – оят, бейбастақтық бар болса – тыйым сал, өзіңнің де, өзгенің де сараңдығын қадағалап, түзет. Жеріңнің шекарасын, байлықтың көлемін өсіремін деп қашанғы тырысуға болады? Бүкіл ел сыйып кететін жердің бір ғана қожайынға керегі не? Араларын бөліп тұрған өзенді, тіптен теңізді де бөліп алуға тырысудың қажеті қанша?»

Сенека – алуан ой қалдырған хакім, айрықша даналық мөрінің иесі. Ол қалдырған толағай мұра адамзат ақыл-ой қазынасының ең дәмді де мәнді «тағамы». Әр ұлт одан қалағанынша шөміштеп алып пайдаланып жүр.

**Батырхан Сәрсенхан,
«Egemen Qazaqstan» газеті**



МАХМУД ӘЛ-ҚАШҚАРИ

Махмұд аль-Қашқари (1029/1038–1101) – көрнекті ғалым, XI ғасырдың ойшылы, алғашқы энциклопедиялық «Диуани Лұғат ат-Түрк» түркі диалектілерінің сөздігі басылымның авторы. Негізінен қазіргі Қазақстанның Ертістен Сырдарияға дейінгі аумағы болған Түркістан аймағын мекендеген түркітілдес тайпалар арасында қолданылатын сөздерді, тілдерді салыстырмалы талдау негізінде дайындаған еңбегі.

Өмірбаяны: Махмұд аль-Қашқари Қашғар қаласында туылған, бірақ оның әкесі мен байланысты болған Барсхан қаласында да болды. Қараханидтер мемлекетін Махмұд Қашқаридің әкесі Мұхаммед Чагри тегін басқарған. Қашғар Шығыс қағанаттың орталықтарының бірі болған. Барсхан – қарлұқтар мен ұйғырлар өмір сүрген Қашқарға жақын Ыстықкөлдің жағасындағы қала. Барсханды да әкесі Хусейн б. Мухаммад Чагри тегін басқарды. Қараханидтер билеушісі әулетінің ұрпағы болған Мұхаммед Чагри тегін (992–1212 жж.) Боғра Хандар/Илек хандардың ізбасары. X ғасырдағы әл-Масудидің еңбегінде Барсхан қаласы Чигиль халқының территориясы болғандығы айтылады. М. Қашқари алғашқы білімін анасы Буби Рабиадан, Хожа Сейф ад-Диннің білімді қызынан алған. Кейіннен ол Бұхара, Самарқанд, Бағдад және Мерв, Нишапур, араб әлемінің зияткерлік орталықтарында жалғастырды.

Еңбегі: Махмұд Қашқаридің «Диуан Лұғат ат-түрк» (1072–1074 жж.) туындысы түркі жазудың баға жетпес ескерткіші болып табылады. Жұмыс Түркістан аймағын мекендейтін түркітілдес халықтар арасында пайдаланылған материалдардың салыстырмалы талдауы негізінде жасалды, олардың көпшілігі қазіргі Шығыс Түркістан, Ертістен Сырдарияға дейінгі

Қазақстан және Ыстықкөл ауданын қоса алғанда қазіргі Қазақстан аумағы болды. X-XI ғасырларда Қараханидтер мен Селжұқтар мемлекетінің құрылуымен және олардың әсерімен байланысты Орта Азия мен Таяу Шығыс тарихында жаңа кезеңнің басталуына байланысты болды. Әл-Қашқаридің пікірінше, бұл ең жақсы адами қасиеттерді бейнелейтін халық түріктер өз тілдерін құрметтейді және түрк тілінде сөйлейтіндерге ерекше көзқарас танытады» [1, 24-25 б.]. Басқа мысалдарда М. Қашқари «тілдегі ізгіліктің шыңы» мен «түрк диалектілері араб тілімен бірге секіруде екі ат сияқты жүреді» деп баса назар аударып, түрк тілдерін қазіргі ислам өркениеті әлеміне енгізеді [1, 24-26 бб.].

Ғалым «Диуан Лұғат ат-Түрік» энциклопедиялық еңбегін ересек жаста 1072 жылы бастайды және оны 1074 жылы Бағдадта аяқтайды [2, 504-505 б.]. Тамаша білімі бар Махмұд Қашқаридің Таяу Шығыстағы ең жақсы мәдени орталықтарда (Бұхара, Самарқанд, Мерв, Бағдад) алғанын, оның айналасындағы қазіргі әлемді түркі халықтарының қасиеттерімен, оның ішінде тілді білу негізінен білуге деген ұмтылысы мемлекеттік ойлау қабілеті бар адамның іс-әрекеті ретінде түсіндіріледі. М. Қашқаридің энциклопедиялық еңбегінің мазмұны оның тарихи өзіндік санасының деңгейін, осындай

қиын кезеңде қалыптасқан өркениетке сәйкес келетін ойлармен суреттейді [3, 192-193 б.]. Түріктердің негізгі құндылықтарын жеткізуде ғалымның қолданған әдістері кең және жан-жақтылығымен ерекшеленеді, онда «бай тілдік материалдан басқа, этнографиялық ақпарат: күнтізбелік және отбасылық жоралғылармен қатар жүретін әндер туралы, лирикалық әндердің тақырыптары, ертегілер мен батырлық аңыздар (400-ден астам) жинақталған. мысалдар; күнделікті ұғымдар, медицинада және астрологияда, қолөнерде және ауыл шаруашылығында қолданылатын терминдер, табиғи құбылыстардың атаулары, кеңістік-уақыт шеңберін анықтайтын халықтық түсініктер және т.б.; этика және мораль туралы; дүниетаным және басқалары туралы [4, 46 б.; 5, 58-69-бб; 6, 269-271 бб.].

Махмұд Қашқаридің еңбегінде – түрік тайпалары Ягма, Чигил, Тухси сол дәуірлердегі жазба және әдеби тілді қолданғанын атайды. «Хакания» тілін түркітілдік әлеуметтік элиталар өздерінің этникалық ортасында сөйлейді. Билік элитасы, әртүрлі билік жүргізетін үйірмелері әрқашан және барлық жерде шет тілін немесе ана тілінде сөйлеуді жөн көрді, бірақ сөйлеу тілінен алыс стильді қолдана отырып. Бұл автор жиі ескеретін әдемі әдеби тілі. Хакания тілінің дәйекті гүлденуі қыпшақтар мен қарлұқ-қыпшақ тілдерінің жазбаша әдеби тілінің қалыптасуына қызмет етті [8, 32-45 б.].

«Диуани Лұғат ат-Түрк» сөздігінің жалғыз қолжазбасы Ыстамбұлда сақталған және 1 томнан тұрады (319 б.). Бізге жеткен сөздердің тізімі – араб жазуларының алғашқы көшірмесі, ирандық Мұхаммед бен Абу Бекр-Дамашкидың еңбегі. Ол 200 жылдан кейін түпнұсқадан алынып талданды. Араб тіліндегі сөздік алғаш рет 1915-1917 жылдары Түркияда (үш томдық) басылым болып табылады. Кейіннен сөздікті Б. Аталай түрік тіліне аударып, жариялады: 1-том – 1939 ж., 2-том – 1940 ж., 3-том – 1941 ж. Онда 291 мақал-мәтелдер мен әр түрлі мазмұндағы 300-ге жуық үзінділер, сонымен қатар төрт сойлемнен тұратын әндер жазылған. Сөздікті алғаш рет К. Броккельман зерттеген, ол 1928 жылы одан таңдалған түркі сөздерінің көлемін шығарған. Сөздікте ХІ ғасырда кездесетін 31 түркі диалектісінің Махмұд Қашқаридің сөздікке материалдарды жинаған жерлерге байланысты сөздік құрамы көрсетілген [8, 32 б.].

Олардың көпшілігі тек әдеби Оғыз тілінің қалыптасу кезеңі Қарлұқ-Қараханидтер дәуірінде болған болуы керек. Оғыз жазбаша тіліне қыпшақтардың, йемекдердің, печенегтердің және болгарлардың диалектілері толыққанды компоненттер ретінде енген. Оғыз жазба тілі де аралас болды. Махмұд Қашқаридің түркі сөздеріне енгізген хаттар автордың оғыз тайпаларында басым болған жерде өмір сүріп, жиналғандығын, олардың жанында қарлұқтар, чигилдер, аргу, қыпшақтар ықшам отырықшылар болғанын көрсетеді. Қалған қоқыстардың түсіндірмесі Махмұд Қашқари сапар шеккен аймақта Ягма, Ябаку, Йемек, Тохси, Кай сияқты рулар мен тайпалардың

халықтың ықшам көпшілігін құрмайтындығын және көбінесе негізгі халықтармен араласқанын және олардың диалектілері оғыздармен біріккенін көрсетеді. Бір қызығы, ойшыл атап кеткен тайпалар, тіпті VI-VIII ғасырлардағы Батыс Түрік қағанаты кезінде және IX-X ғасырларда Қараханид мемлекеті құрылмастан бұрын араб авторларына бұрыннан белгілі болып аталатын [2, 508-510 б.].

Оғыз тайпаларының көп бөлігі Сырдарияның төменгі ағысынан Арал теңізіне дейінгі жерлерді, одан әрі Амударияның төменгі ағысы Хорезмді, Каспий теңізіне дейін мекендеді. Оғыздар көбінесе оғыздармен араласатын қыпшақ тайпаларының көршілері болды. Оғыз диалектілері туралы материалдар М. Қашқари оғыз тайпалары арасында негізінен Сырдарияның төменгі ағысынан Арал теңізіне дейін жиналған. Бұл кезеңде қыпшақ тайпалары шығыстағы Ертіс өзенінен Сырдарияның төменгі ағысына дейінгі аумақты мекендеді. Чигилдер Ыстық көлдің солтүстігін және Іле өзенінен батыстан Шу өзеніне дейінгі жерлерде тұрған. Олардың оңтүстігінде көршілес қарлұқ тайпалары тұрды, олардың аумағы Тараз-Талас, солтүстігінде Шу өзеніне дейінгі жерлерде мекендеді. Мысалы, «М. Қашқари айтқан көптеген сөздер сақталмаған, бірақ сақталған: құм – құм; оң – оң; сіз – сөздері сөздікте «чигил» деп белгіленген [8, 32-45 б.].

Сипатталған кезеңнің мәдени орталығы – Баласағұн Аргу, Чигил, Қарлұқ тайпаларының қоныс аудару орталығында болған. Бұл тайпалардың аралас әдеби тілін пайдаланғаны аталған жерлерді мекендегені, тек ескі ұйғырдан ғана емес, жаңа ұйғырдан да ерекшеленеді, бұл әдеби тілге Чигил және Қарлұқ тайпаларының тілдері айтарлықтай үлес қосты. М. Қашқаридің аталған рулардың арасында материалдарды жинап, өмір сүргені туралы өз қолымен толықтырып сөздерге литтерлер қойғаны куәландырады. Оның айтуынша, Испиджаб пен Баласағұн арасындағы жерде, Талас және Шу өзендерінің орта ағысында, Баласағұн, Мерке, Талас қалалары белгілі бір дәрежеде аргу тайпаларымен қоныстанды және аргу тайпалары иеленген аумақ оғыз тайпалары өмір сүрген Сырдарияның орта ағысына дейін созылды деп болжауға болады [8, 43 б.].

Қыпшақтардың этнонимі, таңбасы және ұрандары туралы құнды мәліметтер бар қыпшақтардың идеологиялық кешені туралы этнографиялық дереккөздерде айтылады. Қытай деректерінде және Онгин руналық түркі жазбасында жеті Се-яньто тайпасы жеті еренді «жеті ер басшылар» деп атайды [10, 1 б.]. Жеті жұлдызды Үркер жұлдыздар шоғыры бұл тайпалардың қамқоршысы болып аталады. Махмұд Қашқаридің еңбегінде және Рашид ад-Диннің «Жылнамалар жинағында» оғыз тайпаларының бірдей тізімінде дәл осындай атау бар тайпа көрсетілген.

(Жалғасы бар)

Ш.Уалиханов атындағы

Тарих және этнология институты: iiekz



Алматылық оқушылар Хьюстондағы робототехника бойынша ең ірі әлем чемпионатында ел намысын қорғайды

Алматыда робототехника және дрондарды басқару бойынша Орталық Азия халықаралық чемпионаты Almaty Tech Cup-2025 өз мәресіне жетті. Жарысқа Қазақстан, Қырғызстан, Түркия, Үндістан, Түрікменстан және Өзбекстаннан 3 мыңнан астам оқушы қатысты, деп хабарлайды ҚР Оқу-ағарту министрлігінің баспасөз қызметі.

Биыл байқаудың тақырыбы — су ресурстары мен су астының жаһандық мәселесін зерттеуге арналды. Қатысушылар роботтарды құрастырып қана қоймай, суды тазартуға, экожүйелерді бақылауға және теңіз флорасы мен фаунасын қалпына келтіруге бағытталған жобаларды әзірледі. Оқушылар өздерінің ғылыми әзірлемелері мен инновациялық стартап-жобаларын төрт түрлі санатта ұсынды.

Үш күндік жарыстың қорытындысы бойынша ересек балалар категориясында FIRST Tech Challenge және Алматы қаласы әкімінің бас кубогы, сондай-ақ америкалық Хьюстонға әлем чемпионатына жолдаманы Алматы НЗМ ХБН «PID» командасы жеңіп алды.

Сондай-ақ АҚШ-та ел намысын Қарағанды облысының «Mұрагер» мамандандырылған лицей-интернатынан «JelToqSun», Алматы қаласы НЗМ-нен «Cristabol», сондай-ақ Алматы қаласы «Білім-инновация» лицей-интернатынан «SANA» командалары қорғайтын болады.

First Lego League Challenge орта жас категориясында екі команда жеңімпаз атанды: Қарағанды облысының «Mұрагер» мамандандырылған лицей-интернатының «RassLexx», Астана қаласынан «SKILLSET». First Lego League Explore кіші жас категориясында Павлодар облысының «Atlantis» командасы жеңіске жетті. Барлық командалар 2025 жылдың 16-19 сәуірі аралығында Хьюстондағы халықаралық кезеңге аттанады.

Aspan Drone Competition дрондары бойынша жарыста FPV командасы жеңімпаз атанды, екінші орынды «Облыстық балалар техникалық шығармашылығы орталығы» және үшінші орынды Altay командасы иеленді. Aspan Drone жарыстарында Almaty Tech Кубогын Орал қаласының облыстық балалар техникалық шығармашылық орталығы жеңіп алды.

Ақшалай жүлделерден басқа қатысушылар Қазақстанның жетекші жоғары оқу орындарында оқуға арналған гранттар мен бағалы марапаттарға ие болды.

Шараны ҚР Оқу-ағарту министрлігі және қала әкімдігінің қолдауымен «Дарын» РҒПО, Алматы қаласының білім басқармасы, USTEM Foundation ҚҚ, «Ashyq Aspan» ғылыми-білім беру қоры ұйымдастырды.

FIRST чемпионат туралы

FIRST (for Inspiration and Recognition of Science and Technology) — STEM ғылымдарын насихаттауға бағытталған халықаралық бағдарлама. Негізгі мақсат — балалар мен жасөспірімдерді техникалық дағдыларды меңгеруге, сыни ойлауды дамытуға шабыттандыру, сондай-ақ көшбасшылық пен топтық жұмыс дағдыларын дамыту.

Айта кету керек, Қазақстан өткен жылдың қазан айында Афиныда өткен жарыстарда рекорд орнатып, 190 ел арасында робототехника бойынша үш дүркін әлем чемпион атанды.

Оқу-ағарту министрлігі ресми сайтынан



@farabishakirti.kz
f @farabishakirti.kz
i @farabishakirti.kz

Farabi shákirti

МЕКТЕП МҰҒАЛІМДЕРІНЕ, ОҚУШЫЛАРҒА, ОРТА ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ
ОҚЫТУШЫЛАРЫ МЕН БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНА, САЛА МАМАНДАРЫНА,
АРДАҒЕРЛЕРГЕ, АТА-АНАҒА АРНАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТАНЫМДЫҚ ЖУРНАЛ

ВЕСНА

Абая Кунанбайұлы

Как весенней порою шумят тополя!
Ходит ветер, цветочною пылью пыля,
Все живое обласкано солнцем степным,
Словно мать и отец, рада наша земля.

И смеется и песни поет молодежь,
Да и старых по юртам ищи — не найдешь:
И со смертного ложа могли б их поднять
Песни, солнце, и ветер, и птичий галдеж.

На весеннем кочевье аулы сошлись,
В общей радости родственники обнялись,
А знакомые просто, шутя и смеясь,
Обо всем толковать по душам принялись.

Верблюжонка верблюдица громко зовет,
Блеют овцы, в кустах птичий гомон встает,
Мотыльки — над травой и в ветвях тополей,
Заглядевшихся в светлое зеркало вод.

Сколько птицы! В любом озерке и пруду
Тронь осоку — и лебедь пойдет в высоту.
Скачешь — смотришь, как спущенный сокол
ручной
Из-под облака лебедя бьет на лету.
Возвращаешься — девушка крикнет: “Постой,
Покажи, что добыл, человек молодой!..”

И все девушки лучший надели убор,
И долины в тюльпанах, как пестрый ковер,
В приозерных низинах гремят соловьи,
И кукушки им отзываются с гор.

На верблюдах товары привозит купец,
У хозяев двоятся отары овец;
Тяжек труд земледельческий — вспашка, посев,
Но земля все ж сторицей воздаст под конец.

Благодатною радостью мир напоен,
Бесконечно украшен создателем он!
Материнскою грудью вскормила земля
Все, что солнцем зачал в ней отец-небосклон.

Как не верить нам, в милость природы-творца,
Если в мире весеннем щедрот без конца,
Если тучен наш скот, если вдоволь еды,
Если радостно быются людские сердца?

Дух весны из тихони творит храбреца,
Стали щедрыми все, кроме злого скупца.
Все дивится ликующей силе земной,
Все живет, кроме черного камня-гольца.

Старики одряхлевшие, снега седей,
Согреваются, смотрят на игры детей;
В голубых небесах — певчих птиц голоса,
На озерах по заводям — крик лебедей.

В полночь — яркие звезды, большая луна.
Как же им не гореть, если полночь темна?
Но померкнули они, лишь наступит заря,
Животворного, ясного света полна.

Звезды прочь прогоняет невеста-земля,
Ведь жених ее — солнце, — о встрече моля,
Ждал всю ночь, и свидания час наступил,
И румянец зари покрывает поля.

Только ветер великих просторов земных
Долетит через тучи до звезд золотых
И расскажет, как счастлив с невестой жених,
Как весь мир согревается радостью их.

Ведь зимою земля, поседев добела,
Жениха своего терпеливо ждала.
И теперь она вновь, молода и светла,
Засмеялась, запела и расцвела.

Глянуть прямо на солнце — болеть слепотой.
Я, живущий великой его теплотой,
Только вечером видел, как сходит оно
В свой закатный веселый шатер золотой.

Из сайта: GOV.KZ



ГОД РАБОЧИХ ПРОФЕССИЙ: ВУЗЫ УКРЕПЛЯЮТ СОТРУДНИЧЕСТВО С КОЛЛЕДЖАМИ

В рамках Года рабочих профессий в Международном инженерно-технологическом университете (МИТУ) состоялась встреча с представителями ведущих колледжей Алматы. В мероприятии приняли участие Колледж Международного инженерно-технологического университета, Алматинский технологический колледж, Алматинский строительно-технический колледж, Almaty Polytechnic College, Колледж индустрии туризма и гостеприимства.

В настоящее время в рамках инициативы по развитию рабочих профессий 30 региональных вузов закрепили за собой около 100 колледжей. Это позволит университетам и колледжам работать в тандеме над подготовкой востребованных кадров для экономики страны.

На встрече обсуждались стратегические вопросы, связанные с разработкой новых образовательных программ, проведением научных исследований и реализацией инновационных проектов. Особое внимание уделено обмену опытом и кадровым потенциалом между учебными заведениями. Главный акцент сделан на подготовке специалистов рабочих и технических профессий, отвечающих требованиям современного рынка труда и способствующих устойчивому развитию экономики Казахстана.

В рамках встречи был подписан меморандум о сотрудничестве между МИТУ и



колледжами. Документ предусматривает развитие долгосрочного партнерства, интеграцию образовательных, научных и инновационных ресурсов колледжей, а также создание совместных программ для подготовки высококвалифицированных специалистов.

В рамках подписания меморандума стороны определили ключевые направления сотрудничества: совместная разработка образовательных программ и курсов, организация стажировок и практик для студентов, проведение совместных научных исследований, внедрение инновационных решений в учебный процесс, популяризация рабочих профессий среди молодежи.

Направления деятельности
Высшее и послевузовское образование

Удивительные факты о природе Казахстана

Казахстан – это страна, обладающая невероятным разнообразием природных ландшафтов, от высоких гор до бескрайних степей. В этой статье мы расскажем о некоторых удивительных фактах о природе Казахстана, которые подчёркивают её красоту и уникальность.

1. Горы Казахстана

На юго-востоке Казахстана расположены горы Тянь-Шаня. К казахстанской части Тянь-Шаня относятся северный, западный и центральный Тянь-Шань. Здесь живут редкие виды животных, занесённых в Красную книгу: снежный барс и тянь-шаньский медведь. На территории Центрального Тянь-Шаня находится одна из самых суровых горных вершин мира - пик Хан-Тенгри высотой около семи тыс. м. Восхождение на Хан-Тенгри - мечта любого альпиниста.

2. Бескрайние степи

Около 63 % территории Казахстана покрыто степными просторами, делая его одним из крупнейших степных регионов в мире. Степи Казахстана славятся своей уникальной флорой и фауной, в основном населяют их многочисленные мелкие грызуны: суслики, полёвки, пеструшки, пищухи, хомячки. Кроме того, водятся волк, лисица, барсук, сайгак. Животный мир степей в связи с массовой распашкой земель сильно обеднел.

3. Озёра и реки

В Казахстане также находится множество озёр и рек, включая озеро Балхаш - одно из крупнейших пресноводных озёр в мире, озеро Алаколь, а также реки Иртыш, Сырдарья, Или и др.

4. Флора и фауна

Природа Казахстана богата разнообразием растений и животных, приспособленных к различным климатическим условиям. Здесь можно встретить такие уникальные виды, как тюльпаны Тянь-Шаня,



горный баран, снежный барс и даже леопард.

5. Природные заповедники

В Казахстане насчитывается более 100 природных заповедников и заказников, защищающих разнообразие биологических видов и экосистемы. Среди них можно отметить заповедник «Алтын-Эмель» с его уникальными петроглифами и заповедник «Катон-Карагай» с изумительными лесами и водопадами.

6. Арал

Хотя сегодня Аральское море сильно обмелело из-за человеческой деятельности, остатки этого великого внутреннего моря всё ещё можно увидеть на границе Казахстана с Узбекистаном. Это напоминает о важности охраны окружающей среды и устойчивого использования природных ресурсов.

Природа Казахстана не перестаёт удивлять своим разнообразием и красотой. От высоких гор до бескрайних степей, от уникальной флоры и фауны до захватывающих природных пейзажей - это страна, которая обладает невероятным потенциалом для туризма и научных исследований. Сохранение этого природного богатства является общей ответственностью всех нас, чтобы передать его будущим поколениям.

Источник информации: Orda.kz;

Фото аральское море: Stan.kz



ЛЕГЕНДЫ БОРОВОЕ

Боровое привлекает туристов живописными пейзажами и широкими возможностями для отдыха. Край называют Казахстанской Швейцарией за уникальный климат и природные ресурсы. Тем, кто отправляется в Боровое, легенды об этих местах расскажут о происхождении многих достопримечательностей, культуре и быте местного народа.



УРОЧИЩЕ БОРОВОЕ

По легенде Аллах, создавая землю, выделил казахам только степи. И как они не просили горы и леса, Создатель был глух к его молитвам. Тогда Алдар-Косе, балагур и перестемщик, предложил Всевышнему сыграть в прятки и перетяжку. Аллах согласился, и чтобы было, где прятаться, создал в степи небольшой холм. Он и в настоящее время называется Букпа, что в переводе с казахского «прятаться». Алдар-Косе во время игры сделал в хурджуна Создателя дырку. В тот момент, когда они играли в перетяжки, посыпались на землю скалы, леса, озера и другие природные богатства, которыми этот край славится до сих пор.

Легенда о появлении урочища имеет и другую версию. После сотворения мира Аллах летел над землей и щедрой рукой раскидывал родники, озера, горы и леса. Однако, когда он добрался до казахских степей, его хурджун был уже почти пуст. Лишь в одном из уголков осталось немного природных богатств. Решил Создатель разбавить казахские степи: кинул горы, хоть невысокие, но лесистые, озера неглубокие, но чистые и прозрачные... Так и появилось место, которое славится своей природой по всему Казахстану.

БУРАБАЙ

Легенда гласит, что в давние времена в этих местах жил большой белый верблюд Бура. Священное животное отличалось силой и красотой. Его родиной были леса горы Кокшетау, но каждый полдень он спускался к Серебряному озеру, чтобы попить воды. Местные жители относились к верблюду с почтением, ведь он оберегал их жизни. Бура чувствовал приближение чужаков и оповещал об этом

людей громким криком. Поэтому много лет жители края жили в свободе и мире. Однажды в этих местах появились разбойники, которые грабили и убивали людей, животных, птиц. Бура предупреждал всех об их приближении громкими криком. Это помогло спасти много невинных жизней, но разбойники поняли о том, кто является причиной их неудач. Они устроили ловушку для верблюда, когда он в очередной раз спустился попить воды. Предводитель разбойников выстрелил в грудь животного. Стрела вышла через один из горбов Буры. Чувствуя приближения гибели, священное животное спустилось к озеру, где и окаменел.

В честь благородного верблюда эти места стали называть Бурабай. Серебряное озеро с чистой водой получило название Боровое. По легенде застывший верблюд так и остался навсегда в родных местах, превратившись в гору, высота которой составляет почти 600 м. Местные жители видят в ней очертания окаменевшего животного, из горба которого торчит смертоносная стрела.



ГОРА ОКЖЕТПЕС

В Боровом многие легенды связаны с природными достопримечательностями. Так, о скале Окжетпес ходит много народных сказаний. Ее название переводится с местного как «не долетит стрела». Одной из самых популярных легенд о скале считается следующая.

Много веков назад в этих краях жил грозный хан, который славился своими победами. Из очередного похода он пришел с большим количеством трофеев, среди которых была молодая пленная калмычка. Хан разделил добытое между своими людьми, но не смог решить, кому в жены достанется девушка. Тогда он разрешил калмычке самой выбрать себе жениха.

Девушка забралась на вершину скалы и повесила там свой платок. Она попросила хана отдать ее за того воина, чья стрела долетит до него. Много джигитов участвовали в соревновании, но никто не справился с задачей. Тогда хан разозлился и приказал девушке спускаться. Но юная калмычка выбрала свободу, поэтому бросилась с вершины холма вниз, в голубые воды озера Аулиеколь. Легенда гласит, что на месте падения девушки через время появилась скала





Жумбактас. Она напоминает местным жителям о той, кто выбрал свободу, честь и достоинство ценой собственной жизни.

ТАНЦУЮЩИЕ БЕРЕЗЫ

На берегу озера Борового располагается уникальная березовая роща. Стволы деревьев изогнуты от самой земли. Роща является одним из самых излюбленных мест для отдыха у жителей Борового и туриста. О том, почему деревья получили такую необычную форму, ходит много легенд.

По преданию много веков назад в этих местах много веков назад устраивали праздники девушки и юноши. Они собирались на берегу озера, танцевали и веселились. Однажды хан захотел посетить праздник, наравне с другими участниками. Он переоделся в простолюдина и сумел остаться незамеченным. Но в минуту, когда девушки танцевали, хан не смог не восхититься их красотой. Юные красавицы узнали правителя и испугались. Они навек застыли в танце, а их тела стали стволами белых берез, которые до сих пор удивляют и притягивают взгляды своей красотой.

ПОЛЯНА АБЫЛАЙ-ХАНА

Одной из самых популярных достопримечательностей Борового считается поляна Абылай-хана. Это место славится своей энергетикой и живописными пейзажами. Считается, что организм человека, посетившего поляну, омолаживается, а самочувствие улучшается.

По легендам Абылай-хан был одним из самых сильных и грозных правителей. Его покровителем был желтый верблюд. Если по пути к сражению животное лежало головой вперед, то правителя обязательно ожидала победа.

На поляне располагается трон Абылай-хана, сложенный из мраморных плит. Впоследствии здесь была установлена стела в честь великого правителя. В Боровом располагается музей Абылай-хана и библиотека.

КАМЕННАЯ КРЕПОСТЬ

Таскамал или каменная крепость располагается между поселками Щучинска и Борового. Многие

туристы приезжают сюда, чтобы увидеть уникальную достопримечательность, о происхождении которой до сих пор спорят. Сооружение, возведенное из каменных плит, вызывает столько же слухов, сколько и египетские пирамиды. Даже современная техника не способна поднять глыбы, из которых сделан Таскамал.

СКАЛА ЖУМБАКТАС

Жумбактас – скала, расположенная в северной части озера Боровое. С разных сторон ее форма имеет различные очертания. Кто-то видит в ней загадочного сфинкса, другие





– девушку с развивающимися волосами. С происхождением скалы связано множество преданий.

По одной из легенд в давние времена в этих краях жил хан, у которого было семеро сыновей и одна дочь. Он мечтал выдать девушку за богатого бая, но в один из дней она встретила красивого джигита, и они полюбили друг друга. Молодые люди знали, что хан не даст согласия на брак, поэтому убежали и тайно поженились. Разгневавшийся отец послал за ними в погоню своих сыновей. Воины поймали влюбленных, когда они плыли по озеру и убили молодого человека. Девушка в горе попросила Аллаха обратить ее в камень.

Всевышний услышал ее молитвы и выполнил просьбу. Она застыла посреди озера, превратившись в скалу, которая поражает воображение своими необычными очертаниями.

Боровое – это край озер и скал. Легенды Бурабая знакомят туристов с историей происхождения многих местных достопримечательностей. Красивые предания, которые передаются из поколения в поколение, позволяют взглянуть на природу края другим взглядом.





ANIMALS OF THE RED BOOK OF KAZAKHSTAN: A COMPREHENSIVE LIST

The world is so structured that the strong crowd out the weak and the weak go extinct. It also results from natural changes and global cataclysms. About two million years ago, one of the biggest threats to animals and humans appeared. The animals of the Red Book of Kazakhstan number more than 120 species.

Kazakhstan's Red Book: Rare and Endangered Animals

The list of endangered animals in Kazakhstan includes:

Mammals - 40 species.

Birds - 57 species.

Fish - 18 species.

Reptiles - 10 species.

Amphibians - three species.

So, mammals and birds are in the most deplorable state. Their numbers are declining due to habitat loss, lack of food, and uncontrolled hunting. Some of Kazakhstan's animals, such as the kulan and Turan tiger, have gone extinct as a result of direct extermination. Fortunately, many of the animals on the Red List can be saved if measures are taken in time.

Mammals

Of the 40 species of mammals living in the delta of the Or, 3 species are listed in the Red Book of Kazakhstan:

1. Marbled Polecat (*Vormela peregusna*)

It is sporadically distributed in desert and semi-desert landscapes up to the settled foothills. The species is listed in the Red Book of Kazakhstan with the status of category 3. A rare animal with a rapidly shrinking range. The only species of a monotypic genus in the fauna of the CIS. It is most often found in fixed, slightly bumpy sands overgrown with saxaul, teresken, juzgun, karagana, astragalus, alternating with clay plains. The number is subject to sharp fluctuations, which is obviously





related to the number of main food items (gerbils and ground squirrels).

2. Gazelle (*Gazella subgutturosa*)

It is found on the territory of the Southern Balkhash region. The species is listed in the Red Book of Kazakhstan with the status of category 3. A rare species. The number and habitats in some areas are declining. It is the only representative of the gazelle genus and the antelope subfamily in Kazakhstan, where the northern part of its range is located. The habitats of the gazelles are fixed bumpy sands, gravelly and clay deserts crossed by dry riverbeds, covered with thickets of saxaul, juzgun, boyalych, teresken or open gravelly spaces with saxaul or tasbyurgun pastures.

3. Pale dwarf jerboa (*Salpingotus pallidus*)

It lives in the Southern Balkhash region on smoothed sandy plateaus. It is listed in the Red Book of Kazakhstan with the status of category 3. Habitats are fine-grained sand of various topography. The population in the Southern Balkhash region is subject to noticeable fluctuations over the years.

Plants

There are 32 species of various categories of rarity on the territory of the reserve, which is about 7.5% of the total number of flora of higher plants. The leading plants in the rare group are

those listed in the Red Book of Kazakhstan:

1. Kazakh reed (*Scirpus kasachstanicus* Dobroch), family of Sedges – Cyperaceae. Rhizomatous perennial, 100-300 cm tall, with a triangular stem and a dense inflorescence, 8-12 cm long, with unequal branches. It grows in fresh and brackish flowing waters. It was described in 1950 by K.V. Dobrokhotova from specimens collected by her on 08/17/1946 in the Semiskulsky Bayou near the village of Semizkul.

2. Blue-leaved poplar, blue-leaved turanga (*Populus pruinosa* Schrenk), Willow family – Salicaceae. A powerful tree, up to 10-16 m tall, with a wide crown and grayish bark. The leaves are leathery, bluish, smooth, whole-edged (which is the main external difference from the more widespread species in the territory – turangi of different leaves).

3. Shield-leaved marsh flower (*Nymphoides peltatum* (S.G.Gmel) O. Kuntze), Shift family – Menyanthaceae. A perennial aquatic rooting plant with a long creeping rhizome and rounded-elliptical leaves, from 3 to 10 cm long and 2-5 cm wide, with long petioles. To date, the populations are in a favorable condition; adult plants bloom abundantly and bear fruit.

4. Aldrovanda vesiculosa (*Aldrovanda vesiculosa* L.), the family of Rosaceae – Droseraceae. Perennial free-floating aquatic plants with thin filamentous stems and whorl-like leaves. A feature of the morphological structure of aldrovanda, an



insectivorous plant, is the bivalve leaf blade, which closes, folds in half along the middle vein after the insect is captured. A rare relict species, whose numbers are declining everywhere. It is found in the waters of lakes and channels.

[ile-balkhash.kz/en
www.legit.ng/1327765-
animals-red-book-kazakhstan-
a-comprehensive-list.html](http://ile-balkhash.kz/en/www.legit.ng/1327765-animals-red-book-kazakhstan-a-comprehensive-list.html)

«Ұлытау» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі

Дереккөздері: Gov.kz; QazaqGeography; Deshti-Thor
«Древняя земля Улытау»; e-history.kz

